БЕЙСЕНБІ
№76 (4324)
13.07.2023

AIQYN

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

АЗАМАТТАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ МАҢЫЗДЫ

Мемлекет басшысы Төтенше жағдайлар министрі Сырым Шәріпхановты қабылдады. Президентке Төтенше жағдайлар министрлігінің атқарып жатқан жұмыстары мен жоспары жөнінде баяндалды.

Мемлекет басшысына министрлікте алдағы уақытта жүзеге асырылатын трансформация және қоғамда қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру жұмыстары туралы мәлімет берілді.

Министрдің айтуынша, төтенше жағдайлардың саны мен ауқымы ұлғайған жағдайда азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесін төтенше жағдайдың салдарын жоюдан бұрын оның алдын алуға бағдарлау көзделіп отыр.

Сонымен қатар Президентке құтқару бөлімшелерінің материалдық-техникалық базасын жарақтандыру және цифрландыру ісін нығайту, сондай-ақ құтқарушылар мен өрт сөндірушілердің кадрлық әлеуетін арттыру, оларды әлеуметтік қорғау шараларын күшейту жөнінде ақпарат берілді.

Сырым Шәріпханов халықты алдын ала қорғауға қажетті жағдай жасау мақсатында қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге айрықша мән беріліп отырғанын айтты.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев министрлікке төтенше жағдайлардың санын азайту, сондай-ақ азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған шаралар кешенін жүзеге асыру жөнінде тапсырма берді.

КӨҢІЛ АЙТУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ футболының аңызына айналған даңқты спорт ардагері Сейілда Байшақовтың дүниеден өтуіне байланысты оның отбасы мен жақын туыстарына көңіл айту жеделхатын жолдады.

«Сейілда Икрамұлы «Қайрат» футбол командасының сапында көп жылдар бойы өнер көрсетіп, жасындай жарқыраған еді. Білікті бапкер ретінде жастарды жеңіске жетудің қыр-сырына үйретіп, елімізде осы спорт түрінің дамуына зор үлес қосты. Өмірде адал еңбек етіп, өшпес із қалдырған Сейілда Икрамұлының есімі мен бейнесі мәңгі ұмытылмайды. Марқұмның иманы саламат, жаны жәннатта болсын» деп жазылған жеделхатта.

ЖҮК ТАСУШЫЛАР НЕГЕ ЖАБЫРҚАДЫ?

Көлікке жауапты мемлекеттік орган мен отандық жүк тасымалдаушылар арасындағы жанжал өршіп барады. Дау шекараны жүкпен кесіп өту үшін қажетті рұқсаттарды пайдаланбаған жағдайда кері қайтармағаны не бүлдіргені үшін қомақты айыппұл салу туралы бастаманың айналасында өрбуде. Құзырлы орган бұл қадамға бармасына амалы қалмағанын алға тартады. Ал кәсіпкерлер Үкіметтің бұл шарасы онсыз да титықтаған қазақстандық тасымалдаушыларды тоқырауға ұшырататынын айтады. Тайталастың мәнісі неде?

4 ▸▸

Жанарбек ӘШІМЖАНОВ,
Мәжіліс депутаты:

ҚОҒАМ КҮТКЕН ЗАҢҒА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

Кеше Мемлекет басшысы «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» заңға қол қойды. Нормаға сәйкес, қайтару тетіктері ірі сыбайлас жемқорлық субъектілеріне және әкімшілік-билік ресурстары бар адамдармен сыбайлас олигополиялық топтарға қолданылады. Осыған орай, Мәжіліс депутаты Жанарбек Әшімжановтан жаңа заң жайлы сұрадық.

(Жалғасы 4-бетте)

ЛЕГИОНЕР ЛЕГІ ТОЛАСТАМАЙ ТҰР

Қазақ спортына сұранып келген және сырттан келіп қосылған легионерлер легі аз емес. Әсіресе, футбол, хоккей, баскетбол клубтарынан өзге елдің азаматтарын жиі байқаймыз. Олардың айлықтары да миллиондап саналады. Бірақ айды аспанға шығарып, қазақ спортын нәтижеге жеткізіп жүргендері аз. Неге?



Қазір спортқа легионерлерді тарту ешкімге де таңсық емес. Себебі шет мемлекеттерден спортшылар шақыру – әлемдік спорт саласында қалыптасқан құбылыс. Дегенмен біздің елімізде легионерлерге көрсетілетін «құрмет» тым жоғары. Осы мәселені бұған дейін Парламент Мәжілісінің бұрынғы депутаты Сәкен Қаныбеков те көтерді. Оның пайымынша, жыл сайын спорт және дене шынықтыру саласындағы уәкілетті орган легионерлерді қысқарту бойынша саясатты жүргізеді. Дегенмен олардың саны қысқартылмайды.

– Барлық спорт түрлерінде бюджеттік шығындарды қайта қараудың уақыты келді. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы соңғы жарияланымдарға сүйене отырып, көптеген Еуропа елдері, сондай-ақ Ресей мамандар мен легионерлерден бас тартуды қолдады.

6 ▸▸

«ЖЕЗКИІК, БІЗДІҢ ЖАҚҚА ҚАЛАЙ КЕЛДІҢ?»

Ежелден киікті киелі санаған халқымыз осынау түз жануарын ерекше қастерлеп, түрлі аңыз-ертегілерге, жыр-дастандарға арқау қылғаны жасырын емес. Кие қонған ақбөкендер де қазақ даласына ерекше бауыр басқан. Сондықтан болар әлемдегі киіктердің 90 пайыздан астамы – қазақ даласында. Қазақстан киіктері әдетте Бетпақдала, Үстірт және Орал популяциясы болып бөлінгенімен, елдегі ақбөкеннің 90 пайыздайы Батыс Қазақстан облысының оңтүстік өңірін мекендейді. Алайда бұл жануар соңғы үш жылдан бері Батыс жұртының «бас ауруына» айналып барады. Осы жылғы соңғы дерек бойынша, киік популяциясы 2 миллионға дейін өскен. Бұл былтырмен салыстырғанда 45,3 пайызға көп. Осы мәселемен айналысатын Батыс Қазақстан облысы ғалымдарының қорытындысы бойынша, Орал өңіріндегі шаруа қожалықтарына және киік популяциясын сақтауға оңтайлы киіктер саны 450-500 мың бастан аспауы керек. Бұл дегеніміз – 2023 жылы 2 млн басқа жететін киік саны ғалымдар көрсеткен саннан 4 есе артық деген сөз.

5 ▸▸

ӘЛЕККЕ САЛҒАН АЛИМЕНТ

6 БЕТ

Өз қанынан жеріп, туған баласын тағдырдың талқысына салып кете беретін ата-аналар көбейді. Ұрпақ алдындағы аманатты аттап, ар-ұятты ұмыт қалдырғандарға қазіргінің заңы да қауқарсыз болып отыр.

АУДАРЫСПАҚТЫ ӘЛЕМ ТАНИДЫ

8 БЕТ

Алматыда Ат үстіндегі күрес (аударыспақ) федерациясының бірінші дүниежүзілік съезі өтті. Басқосуға Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Моңғолия, Ресей, ҚХР, Венгрия мемлекеттерінің өкілдері қатысты.

СЕНАТОРЛАР – САПАРДА

Қазір Сенат депутаттары еліміздің түкпір-түкпірін аралап, республика халқымен кездесулер өткізуде. Жүздесулерде өзекті жайттар талқыланып, күрделі мәселелердің шешімін табу жолдары іздестірілуде.

Сенат депутаты Бекбол Орынбасаров Маңғыстау облысындағы Түпқараған, Бейнеу және Маңғыстау аудандары мәслихаттарының депутаттарымен және өңір тұрғындарымен кездесті. Сенатор сапар барысында депутаттардың алдында тұрған негізгі міндеттер мен мақсаттар, сондай-ақ сенаторлар жүргізіп жатқан жұмыс туралы кездесуге қатысушыларға айтып берді. Сенатор мәслихат депутаттарымен бірлесіп халықтың әкімдіктермен өзара іс-қимылы мәселелерін, сондай-ақ қоғамдық бақылауды күшейту жөніндегі жұмыстың маңыздылығын талқылады. Ол сондай-ақ өңірдің экологиялық қауіпсіздігі мәселелеріне жеке тоқталды. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Бекболат Орынбеков Жамбыл облысы Шу ауданында болды және аудандық мәслихат депутаттарымен кездесіп, сайлаушылардың ұсыныстарын тыңдады.

Сенаторлар Алтынбек Нұхұлы мен Ернұр Әйткенов Павлодар облысында болды және өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерімен танысу үшін аймақ басшылығымен кездесті. Депутаттар Павлодар қаласындағы №2 жылу энергетикалық орталығында да болды. Сенаторлар ЖЭО-дағы өндіріс жұмысымен танысты және салалық цехтарда болып, Екібастұздағы былтырғы төтенше жағдайға ұқсас апаттарды болдырмау үшін жұмыстарды жандандырудың маңыздылығын атап өтті.

Парламент Сенатының депутаты Әсем Рахметова Солтүстік Қазақстан облысында болды. Депутат Есіл ауданына сапарында жергілікті ауруханаының емдеу корпусын жөндеу барысымен танысты. Сенатор ауыл тұрғындарымен кездесуде сумен жабдықтау, жолдарды жөндеу және интернетке қолжетімділікті қамтамасыз етуге қатысты өзекті мәселелерді талқылады. Өңір тұрғындары кездесу барысында сұрақтар қойып, мемлекеттік жәрдемақыларды есептеу ерекшеліктері мен зейнетақы аударымдарын төлеу тәртібін және басқа да мәселелерді түсіндіруді өтінді.

Сенатор Евгений Больгерт Қарағанды облысында Қазақстан халқы Ассамблеясының, Кәсіпкерлер қауымдастығының өкілдерімен және жастармен кездесті. Сенатор кездесу барысында бизнестің құқықтары мен мүддесін қорғау, кәсіпкерлік саласындағы инновациялық жобаларды іске асыруға қолдау жасау, этностардың тарихи шыққан елдерінен Қазақстанға инвестиция мен технология тарту жөніндегі ұсыныстарды тыңдады. Евгений Больгерт сонымен қатар VIII шақырылымдағы Парламент Сенатының бірінші сессиясының қорытындылары туралы да айтты. Депутат сонымен қатар неміс мәдени орталығында болып, неміс жастар клубының қызметкерлерімен және өкілдерімен кездесті.

ҚР Парламенті Сенатының депутаттары Нұрия Ниязова, Закиржан Кузиев және Жанна Асанова республикалық және қалалық этномәдени бірлестіктердің, сондай-ақ Қазақстан халқы Ассамблеясының Алматы қаласындағы қоғамдық құрылымының басшыларымен және активімен кездесті. Сенаторлар қазіргі заманауи білім мен ғылымның сапасы, халықтың әлеуметтік қамсыздандырылуы мен денсаулығы, этномәдени бірлестіктердің қызметін дамытуға мемлекеттік гранттар бөлу, этносаралық қақтығыстардың алдын алу, ақпараттық қауіпсіздік және т.б. мәселелерді этномәдени бірлестіктердің өкілдерімен бірге талқылады.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Руслан Рүстемов Қызылорда облысындағы Сырдария ауданының тұрғындарымен кездесті. Депутат сапар барысында өңірдегі бірқатар елді мекендерінде болып, жерлестерімен жүздесті. Сапар аясындағы барлық кездесулер мен шаралар барысында елімізде жүргізіліп жатқан конституциялық реформалар, Парламент қабылдаған заңдар мен Президенттің бастамасы бойынша қабылданған шаралар туралы жан-жақты пікір алмасылды.

Сенатор Сұлтан Дүйсембинов Талғар ауданында болған кезде бірқатар әлеуметтік нысандарды аралады және тұрғындарымен кездесу өткізді. Сенатор Талғар қаласындағы 136 бала тәрбиеленетін және 18 тәрбиеші жұмыс істеп келе жатқан №8 балабақшада болды. 1964 жылы салынған бұл балабақшада әлі күнге дейін жөндеу жұмыстары жасалмағаны туралы депутат хабардар етілді. Сенатор сапар барысында жылыжай жұмысымен де танысты. Депутат бұл нысанның жұмысы өңір экономикасының дамуына оң әсерін тигізетінін атап өтті.

Парламент Сенатының депутаты Сергей Ершов Қарағанды облысында болып, жергілікті тұрғындармен, мәслихат депутаттарымен және сайлаушылармен кездесті. Жүздесу кезінде сенаторға орман алқаптарында, елді мекендерде және облыстың далалық аймақтарында өртке қарсы қауіпсіздікті ұйымдастыру жөнінде жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы егжей-тегжейлі баяндалды. Сондай-ақ өрт сөндіру бөлімдерінің жаңа пункттері мен олардың жабдықталу деңгейі таныстырылды. Депутат сонымен қатар Қарағанды облысы әкімдігі жанындағы аумақтық қорғаныс жөніндегі әскери бөлімде де болды.

Сенат депутаттары Әли Бектаев пен Мұрат Қадырбек өңірге сапар барысында Сауран және Отырар аудандарында болды. Тұрғындармен кездесуде құбырмен келетін судың жоқтығы, көпсалалы аурухана салу қажеттігі, ауылдық округтерде жер қойнауын заңсыз пайдалану және басқа да маңызды мәселелер көтерілді. Депутат Әли Бектаев барлық айтылған ұсыныстарға жеке тоқталып, сенаторлар алдағы сессияларда осы мәселелерді шешуге ықпал ететінін атап өтті. Сенаторлар Отырар ауданының Талапты елді мекеніндегі сайлаушылармен кездесуде VIII шақырылымның бірінші сессиясы барысында Сенат мақұлдаған заң шығару қызметі мен заңдар туралы егжей-тегжейлі хабардар етті.

ӘРЕКЕТ ЕТКЕНГЕ БЕРЕКЕТ БАР

Биыл сәуір айының аяғында AMANAT партиясы Halyk Bank-пен бірлесіп жариялаған «Қарызсыз қоғам» жобасы өңір халқының қаржылық сауатын ашып, кәсіптен нәсіп табудың жолын көрсетуге септігін тигізуде. Жеке тұлғалар арасында проблемалық қарыз алушыларды қаржылық ағартуды мақсат еткен жоба бүгіннің өзінде қарызға батқан жұртқа кіріс көзін табудың жолын үйретіп жатыр.

Интернет-ресурстарға қол жеткізе алмайтын аудан мен шалғай ауыл тұрғындарының қолы онлайн курстарға жетпейді. Ал қаржы саласындағы білікті кадрлар ақшасын төлемесе, тегіннен тегін сабақ өтпесі белгілі. Сондықтан бір жыл бойы ауылдар мен аудандардың 80 мыңнан астам тұрғынына қаржылық сауаттылық бойынша офлайн оқытудың тиімділігі айтпаса да түсінікті. Ендігі жерде қарызы бар және несиелерін уақытында өтемейтін кез келген адам осы курсты оқып, қаржылық сауатын арттыруға болады. «Бірінші кезекте біз несие алған және осы кезеңде оны төлей алмай жүрген адамдарға көмек қолын созғымыз келеді. Қарызға батқан және берешек сомасының мерзімі үш айдан асқан, банкроттық туралы ойлап жүрген адамдар да бар. Олардың несиелерін өтеуге мүмкіндігі жоқ», – деген еді осыған дейінгі сөзінде «AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Елнұр Бейсенбаев.

Оның үстіне, «аңқау елге арамза молданың» керін келтіріп, халықтың қаржылық сауатсыздығына байланысты алаяқтықтың түр-түрі шығып жатыр. Олар да қаржы мәселесінен хабары жоқ адамдарды түрлі тәсілдермен алдауға тырысады. Бұдан бөлек, тұрғындардың дені банкпен немесе микроқаржы ұйымымен мөлшерлемені төмендету, кестені ауыстыру туралы келісім барынан да бейхабар. Бұл орайда «Қарызсыз қоғам» жобасы өте ауқымды және уақытылы қолға алынған қызмет десек болады. Сондай-ақ өз ісін енді бастаған кәсіпкерлерге бизнесті несиелендіруге оқыту да маңызды.

Өңірлердегі оқу бағдарламасына қатысуға ниет білдіргендер өздері тұратын округ әкімдігіне тіркеліп, жобаның жемісін көруде. Өз қаржысын тиімді басқаруды және шығындарын оңтайландыруды үйреніп қана қоймай, қаржылық мәселелердің қалай туындайтынын, несиелік қарыздар санын азайтудың жолдарын, алаяқтық әрекеттерді қалай анықтауға болатынынан да хабардар бола бастады. Ал ісін жаңадан бастаған кәсіпкерлер компания бюджетін қалыптастыру тәртібі, салық есеп-қисабын ұсынуды және мемлекеттік қолдау бағдарламалары бойынша қаржыландыру шарттары туралы құнды ақпарат алуға қол жеткізді.

Айта кету керек, «Қарызсыз қоғам» жобасы аясында алғашқы кезеңде Ақтөбе, Алматы, Түркістан, Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Атырау және Маңғыстау облыстарының 80 мыңға жуық тұрғынын оқыту жоспарланған. Бүгінде жобаның алғашқы кезеңі бойынша қаржылық білімін арттырып, кәсіп ашқан Түркістан облысы Қазығұрт ауданы Шарбұлақ ауылының тұрғыны әкелі-балалы Данияр Қаратаев пен Мадияр Сүлеймен жобаның берері мол екенін айтып, алғыстарын жеткізді.

– Екі жобаға да әкем Данияр Қаратаев қатысқан болатын. «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша кредитті де әкемнің атынан алдық. Өзім қара шаңырақтағы ұл болғандықтан үйдегі мал шаруашылығындағы жұмыстарды әкем екеуіміз бірге атқарамыз. Жылдың басында 2,5 пайыздық «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша кредит берілетіні туралы әкімшіліктен хабарлама келді. Басында бағдарламаға әдеттегідей тек жұмыссыз тұрғындар ғана тіркелетін шығар деген ой келді. Өйткені өзім мектепте мұғаліммін, әкем де электр болып жартылай жекеменшік мекемеде жұмыс істейтін. Бірақ сұрастыра келе бағдарламаға жұмыс істейтін адамдар да қатысуға болатынын естіген соң қатты қуандық. Әрекет жасадық. Сол әрекетімізге сай берекетін көріп отырмыз, – дейді Мадияр Данияруұлы.

Кредитті рәсімдеп қана қоймай, оны кәдеге жаратудың жолын үйретуді қолға алған «Қарыссыз қоғам» жобасы аясында да әкесі бескүндік оқу курсына қатысқанын айтқан ол: «Әкем ауыл әкімшілігінде өткен сабаққа қатысып, қаржылық сауаттылық бойынша көп нәрсеге қанық болып келді. Үйге келген соң бізге де «Басқа банктерге көптеген пайызбен несие алып құйып жатыр екенбіз» деп көзі ашылғанын айтып келді. Курста алған білімін бізге де түсіндірді. Шынын айту керек, «Қарыссыз қоғам» жобасының сабағына дән риза», – деді ағынан жарылып.

Қазір мемлекеттен алған 4 миллион теңге кредитке 8 сауынды сиыр алған әкелі-балалы күніне 50-60 сүт литр сүт өткізіп отыр. Шаруашылық иесінің ұлы Мадияр Қаратаевтың айтуынша, кірістің көлемін ұлғайтып алған соң құны қымбат тұратын асылтұқымды сиыр сатып алуға болады екен. Әзірдің өзінде алған сиырлары күнделікті кіріске 50 литр сүт беріп отыр. Күн сайын өздері тіркелген «Бакир-Агро» кооперативі шаруашылықтың сүтін 200 теңгеден сатып алса, күніне 10 мың табыс түседі. Сонда шаруашылыққа айына 300 мың теңге кіріс келеді. Кәсіптің көзін тапқан олар мұнымен ғана тоқтап қалғысы жоқ. Алдағы уақытта сиыр сүтінің құнарын арттырып, сүтін молайтудың жолын қарастырып, ғалымдардың зерттеуіне қызығушылық танытып отыр. Өңірдегі ыстық ауа райы шетелден әкелген асылтұқымды сиырлардың жерсінуіне кедергі келтіретін көрінеді. Осыны ескерген шаруашылық иелері алдағы уақытта қолдан ұрықтандыруды қолға алып, асылтұқымды жаңа төлдің басын көбейтуді қолға алмақ.

Ж.МҮСІЛІМ

Сауал – бізден...

LRT: ЕКІ ЖЫЛДА ІСКЕ ҚОСЫЛА МА?

Сейсенбіде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елорданы дамыту мәселелері жөніндегі кеңес өткізді. Жиында елорданың шешімін табуы тиісті өзекті мәселелері талқыланды. Сонымен қатар LRT жобасының жүзеге асырылуына қатысты жоспарлар уақытынан ауытқымауы керектігі атап өтілді. Еске сала кетсек, жыл басында LRT-ның бірінші іске қосу кешенінің құрылыс жұмыстары қайта жанданған болатын. Елорда әкімі Жеңіс Қасымбектің мәлімдеуінше, жобаны 2 жылдың ішінде аяқтау жоспарланып отыр. Осы жерүсті көлік желісі жобасының әлеуметтік және экономикалық тиімділігі, межеленген уақытта іске қосылуы және оған қоғамның көзқарасы жөнінде мәселелер бойынша сарапшылардың пікіріне құлақ түрген едік.

Мақсат СЕРӘЛІ,
ЭКОНОМИСТ:

– Ел астаналарына, мегаполистерге LRT және метро секілді ірі жобалар қажет. Ол қарапайым қоғамдық көлікке бәсекелес, альтернатива ретінде көлік жүктемесін төмендету мақсатында қолданылады. LRT және метро адам тасымалдаудың үздік құралы ретінде қарастырылады. Онда қарапайым көліктерге қарағанда кептеліс жоқ. Сәйкесінше, адамдардың тасымалдау трафигі артады. Астанада күнделікті жұмысқа келетіндер саны көп, оған қонақтар мен туристерді қосыңыз. Алматымен салыстырсақ, бұл құралды метро атқарып тұр. Метро салынбай тұрып, әртүрлі алып-қашпа әңгімелер болды. «Алматыға метро қаншалықты қажет?» деп сын айтылды. Бірақ қазір уақыт өте келе метроның тиімді және дұрыс шешім екеніне көз жетіп отыр. Ол желіні ары қарай дамыту қажет екенін түсіндік. Бұл қалаға келгендер күннің ыстық-суығына қарамай, жылы жерден кептеліссіз межелеген жеріне жедел жете алады. Бұл мақсатты Астанада LRT жүзеге асырады. LRT құрылысына қатысты коррупция мәселесі көп дау тудырды. Көп жыл тұрған бетон бағаналар әжуа-мазақ объектісіне айналды. Құрылыс жобасына қатысты жағымсыз имидж қалыптасты. Халықты да түсінеміз. Алайда бағандарды алып тастауға, орнын тазартуға көп қаржы кетеді. Басқа балама көлік түрі жоқ. Метро салуға одан да көп қаржы жұмсалады. Сондықтан LRT-ны аяқтау – мәселенің шешімі. Алматыда метро желісі біртіндеп ұзартылып, стансалар саны көбейтілуде. Осындай жобалар халықтың көбеюіне байланысты ұлғая береді. Астанада осындай жағдай қалыптасты. Жыл сайын халық саны артып келеді. Адамдар межелеген жеріне кептеліссіз, уақытында, тез жеткісі келеді. Ал қоғамдық көлікке сұраныстың артуы – заңды құбылыс. Алайда бұл құрылыстың экономикалық тұрғыдан өзін ақтауына ұзағырақ уақыт керек болады. Ол жерге құйылып жатқан қаражат сомасы өте көп. Бәрбір адам тасымалдау жағынан бұл жоба басқа баламаларынан әлдеқайда тиімді.

Сапарбай ЖОБАЕВ,
ЭКОНОМИСТ:

– Дамыған мемлекеттерде де қалалық көлік тасымалы субсидия көмегімен жұмыс істейді. Ескеретін тұс, қаланың транспортында экономикалық тиімділік деген болмайды. Халық үшін әлеуметтік тиімділігі басым болса жеткілікті, әрі көлік кептелісі мәселесін шешіп, адамдардың жолға кететін уақытын үнемдеуге мүмкіндік береді. Халық саны миллионнан асқан қалаларда осындай көлік желісі өте қажет. Ал LRT деген – Жапонияның, Американың қоңыржай белдеуіндегі қалаларда іске асырылатын жоба. Астананың жоспарын жасап, жобалаған кезде жерасты көлікті қоса қарастыруды ұсынсам да ескерілмеді. Өйткені бізде климат қатаң. Астанада бәрібір жерасты метросын салу керек. «Су көзі жақын» деп айтатындар бар. Алайда Нью-Йорктің үш қабатты метросы судың ішінде тұр. Санкт-Петерборда батпақты жерде орналасқан метросы жүріп тұр. Оны жүзеге асыру технологиясы бар. Қазіргі LRT әуежайдан сол жағалаудағы орталыққа, одан әрі жаңа теміржол вокзалына баратын жолда жобаланып, салынып жатыр. Сол тұра берсін. Оны қатты аязда жылытып, боран соқса тоқтата тұрып, қарын тазалап алу арқылы жүргізе берерміз. Әрине, бұл қосымша қаржыны талап етеді. Ал LRT желісін «Азия парктен» оң жағалаудағы ескі теміржол вокзалына шейін жеткізсек, сонда ғана тиімділігі артады. Қатынайтын адамдарды көбірек қамтиды. Менің ұсынысым – сол тұсты жерасты метросымен жалғау қажет.

Дайындаған
Жәнібек АМАНГЕЛДІ

ЕЛ ЕҢСЕСІН ТІКТЕУ – ОРТАҚ МІНДЕТ

Халық айтса, қалт айтпайды. Сондықтан Мәжіліс депутаттары өңірлердегі сапарында шешімін таппай жүрген мәселелерге назар аударып, әлеуметтік жағдайы тұралаған ауыл халқының айтарына құлақ түрді. Сондай-ақ өңір жұртшылығымен бірге өзекті мәселелерді бірге талқылаған депутаттар өз кезегінде ұсыныстарын да айтып, елді мекендердің еңсесін тіктеу ортақ міндет екенін жеткізді.

ЖҰМЫСШЫЛАР МӘСЕЛЕСІ КӨТЕРІЛДІ

Мәжіліс депутаттары, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері Атырауда ірі мұнай-газ кәсіпорындары басшыларымен өңірдегі өзекті мәселелерді талқылады. Кәсіпорындағы жұмыс-

шылардың өтініші бойынша өндірісте вахталық ауысым уақытын 14 күнге ауыстыру, көгалдандыру жұмысын жеделдетіп, әлеуметтік инфрақұрылымдық даму бағдарламасына бөлінетін қаржыны көбейту сияқты бірқатар мәселе көтерілді.

Мәжіліс депутаты Бақтықожа Ізмұхамбетов «Ембімұнайгаз» АҚ ұжымымен кездесіп, заң шығарушы органның жұмысы мен қабылданып жатқан заңдар туралы ақпарат берді. Жиында депутат онлайн жарнама, шетелге шығарылған активтерді елге қайтару туралы заңдардың талаптары мен тиімділігі туралы айтып, «AMANAT» партиясының жобаларына да тоқталды. Соның ішінде «Ауыл аманаты» жобасының мақсат-міндеттеріне назар аударды. «Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен Әділетті Қазақстан құру жолында біраз шаруа атқарылып жатыр. Осыған орай Парламентте, Үкіметте игі істер қолға алынды. Біз өңірлерде өзекті түйткілдер туындап жатқанын жақсы білеміз. Республикалық деңгейде шешілетін мәселелерді Үкіметке жеткізетін боламыз», – деді Бақтықожа Ізмұхамбетов. Ал Мәжіліс депутаттары Дүйсенбай Тұрғанов пен Әділ Жұбанов осы өңірдегі ірі мұнай-газ мекемелерінің ұжымдарымен кездесті. Жиынға «Ембімұнайгаз» АҚ, «Теңізшевройл» ЖШС және North Caspian Operating Company N.V. компаниясының өкілдері қатысты. Онда әлеуметтік инфрақұрылымдық жобалар және көгалдандыру тақырыптары әңгімеге арқау болды.

Қазір депутаттардың атсалысуымен «Теңізшевройл» компаниясы мердігер компаниялармен Теңіздегі ауысымдық жұмыс кестесін 28 күннен 14 күнге өзгерту бағытында келіссөздер жүргізуде. Сонымен қатар Теңіз кенішіне жұмысқа жаңадан қабылданатын азаматтардың өздеріне жұмыс ауысымының уақытын, яғни 28 күндік немесе 14 күндік вахталық әдісті таңдауына мүмкіндік берілетін болады. Бұл мәселе толық шешілгенге дейін Мәжіліс депутаттары жұмысшылардың жағдайын тікелей бақылауларына алмақ.

Кездесу барысында «Теңізшевройл» компаниясымен іске асырылып отырған «Игілік» бағдарламасының жылдық бюджетін көбейту және құрылыстарды сапалы жүргізу мәселесі де көтерілмей қалмады. Сондай-ақ депутаттар «Теңізшевройл» компаниясын Жылыой ауданын көгалдандыру мәселелесін тездетуге шақырды.

2021 жылы облыстық әкімдікпен жасақталған меморандум талаптарына сәйкес, «Теңізшевройл» мекемесі жоспарланған 647 га жердің 2022 жылы 15 га жеріне 9 000 дана ағаш көшеттерін отырғызып, жоспардың 2,3%-ын ғана орындаған екен.

Атырау

ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАРДА ОЛҚЫЛЫҚ БАР

Мәжіліс депутаттары Амантай Жарқынбек пен Нұржан Әшімбетов жұмыс сапарымен Павлодар облысына барып, Ақсу қаласындағы бірқатар әлеуметтік нысанның құрылысымен танысты.

Мәжілісмендер Ақсу қаласына қарасты Пограничник ауылына сапары барысында проблемалық нысанға айналған фельдшерлік амбулатория мен дене шынықтыру-сауықтыру кешендерін аралады. Қазірдің өзінде олардың құрылысы бекітілген кестеден

кешігіп жатыр. Амбулатория мердігері болса оның мерзімінде іске қосылатынын айтты. Дегенмен депутаттардың пікірінше, жоба толықтыру мен түзетуді қажет ететіндіктен, жұмыс көлемі артуы мүмкін.

– Фельдшерлік амбулатория аумағын абаттандыру толығымен қамтылуға тиіс. Бұл жерде ол қарастырылмаған. Жобаны осы кезеңде қайта қарау керек деп есептейміз, – деді Амантай Жарқынбек.

Ал депутат Нұржан Әшімбетов дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің мердігері құрылыс алаңында жоқ екенін атап өтті.

– Мердігер – «ГрадСтрой» серіктестігі. Ол облыстағы әлеуметтік нысандарды салу және жөндеу бойынша көптеген тендерді ұтып алған. Жергілікті мемлекеттік органдар онымен былтырдан бері соттасып келеді. Бұл ретте мердігер ұйымның өзі орнында жоқ. Барлық жұмыс қосалқы мердігерлерге берілді», – деді Мәжіліс депутаты.

Сонымен қатар депутаттар Ақсу қаласындағы магистральдық және таратушы жылу желілерін қайта жаңғырту жұмыстарымен танысты. Желілерде және №7 мектепте күрделі жөндеу жұмыстары кестеге сай жүргізіліп жатыр. Мәжілісмендер Жұмыспен қамтудың жол картасы аясында құрылысы 2021 жылы басталған Мұз сарайында да болды. Бүгінде оның іргетасы ғана құйылған, құрылыс әлі созылып жатыр.

– Қаражат бөлініп, мұз айдынын салу үшін мердігер компания анықталған. Бірақ жергілікті билік нысанды аса қажет емес деп тауып, құрылыс тоқтатылыпты. Қазір бұл нысанды жеке бақылауыма алып жатырмын, – деді Нұржан Әшімбетов.

Сапар соңында депутаттар азаматтарды қабылдап, талаптілектерін тыңдады. Тұрғындар өздерін толғандырған бірқатар мәселені алға тартып, жайылым жерлерге қатысты сауалдарын қойды.

Павлодар облысы

ЖҰМЫС ПРОЦЕСІ ТОЛЫҚ АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН

Кеше мәжіліс депутаттары Ерболат Сатыбалдин мен Аманжол Әлтай Жезқазған қаласына қарасты Кеңгір кентінде орналасқан құс фабрикасының құрылыс жұмысымен танысты.

«Ахтямов» шаруа қожалығы – «AMANAT» партиясының Сайлауалды бағдарламасын орындаудың Жол картасындағы нысандардың бірі. Сондықтан оның сапалы әрі өз уақытында аяқталуын партия өз бақылауында ұстап отыр. Фабрика құс еті, жұмыртқа және құрама жем өндірумен айналысады. Сонымен қатар Сәтбаев қаласында сою цехы бар. «Болашақта бұл өндіріс ошағы 30 адамды жұмыспен қамтиды деп жоспарлануда. Фабриканың қуаттылығы жылына 1000 тонна ет өнімін және 25 млн жұмыртқа шығарады, – дейді шаруашылық иесі Ринат Ахтямов.

Құс фабрикасы неміс технологиясымен жұмыс істейді. Бұл жұмыс процесін толық автоматтандыруға мүмкіндік береді. Соған орай, балапандар 42 күн бапталып, кейін өсіп, жетілгеннен кейін союға жіберіледі. Фабриканың құс етін өндейтін цехы шамамен тамыз айында іске қосылады деп жоспарлануда. Ал жұмыртқа шығаратын бөлігі күз айларында өз жұмысын бастайды екен.

Өңірге іссапармен арнайы келген Мәжіліс депутаттары

фабриканың жұмысымен толық танысып: «Облысымызда құс өнімдерін тұтынуы 3500 тонна болса, бұл фабрика соның 30%-ын өтейді. Бұл жергілікті өнім өндіріп, нарыққа шығару үшін үлкен мүмкіндік береді. Біз партияның сайлауалды бағдарламасы аясында қолға алынған құрылыс нысандарын осылай аралап, олардың уақытылы пайдалануға берілуін бақылаймыз», – деді Ерболат Сатыбалдин. Депутат Аманжол Әлтай «Тауық етінің импортын азайтып, ішкі нарықта отандық өнімді көбейту керек. Сонда тұтынушы сапалы өніммен қамтылып, өндірушінің де ісі алға басады. Істеріңізге сәттілік тілеймін!», – деді халық қалаулысы.

Жезқазған қаласы

ЖАТАҚХАНА ЖЫРЫ БИЫЛ ДА ЖАЛҒАСАДЫ

Петропавл қаласындағы М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің студенттеріне арналған жатақхана құрылысының барысы кестеден едәуір кешеуілдетілуде. Биыл желтоқсанда тапсырылуы тиіс нысанның құрылыс жұмыстары әлі 30 пайызға ғана атқарылған. Жоғары оқу орнының жатақханаға қажеттілігі – 2500 орын. Бір мыңнан астам студент бұрынғы жатақханаларда тұрып жатыр. Қалғаны биыл тағы да жатын орынсыз қалады деген сөз.

Парламент Мәжілісінің «AMANAT» партиясынан сайланған депутаттары Еркебұлан Мәмбетов пен Дмитрий Колода және Сенат депутаты Әсем Рахметова Петропавл қаласындағы жатақхана құрылысының барысымен танысты.

М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінің студенттеріне арналған екі жатақхананың құрылысы «AMANAT» партиясы облыстық филиалының Сайлауалды бағдарламасын орындау жөніндегі Жол картасына енгізілген әрі партиялық қосынның бақылауында. 11 қабатты әр жатақхана 600 орынға шақталған. Жоба құны – 5,5 миллиард теңге шамасында. Бұл нысан солтүстік өңірден жастардың Ресейге және басқа қалаларға үдере көшуін азайту мәселесін оң шешуге септігін тигізеді деп күтіліп отыр.

Нысан құрылысын жергілікті «Основание» ЖШС-і жүргізуде. Кәсіпорын директоры Сергей Тимофеевтің айтуынша, құрылыс жұмыстары жоспардағыдан жарты жыл кешеуілдетіліп басталған. Оған тендерді жеңіп алған мердігердің жосықсыз қатысушы болып шыққаны себеп болыпты.

«Облыстық құрылыс басқармасы мердігердің құжаттарында бірқатар кемшіліктер бар екенін анықтады. Кейбір құжаттары жалған болып шыққан. Сондықтан оны сотқа беруге тура келді. Сот үрдісі жарты жылға созылды. Соның салдарынан құрылыс кеш басталды», – деді Сергей Тимофеев. Былтыр жыл басында басталуы тиіс болған жұмыстарға «Основание» жұмысшылары жазда ғана кіріскен. Соны ескергеннің өзінде кірпіш қалау, инженерлік коммуникациялар тарту жөнінен кестеден азын-аулақ ауытқушылықтар бар. Бірақ мердігер бұл олқылықты түзейтінін айтып сендірді.

Қазір құрылыс алаңында 90 адам жұмыс істеп жүр. Бұған дейін кірпіш тапшылығы сезілген екен. Бірақ туындаған қиыншылықтарды мердігер өз бетінше шешіп үлгерген. Себебі темір-бетон

блоктар, терезе, витраж, жақтаулар сияқты көптеген материалды өздері өндіреді.

Инженерлік коммуникациялар тарту жұмысы әлі басталмаған. Бұған құрылыс алаңындағы сүрілуі тиіс үш үйдің иесі келісім бермеуі себеп. Жылу, су құбырлары дәл сол жермен тартылуы тиіс. Жеке меншік үйлердің иелері ұсынылған бағамен келіспей отырған көрінеді. Нәтижесінде 1200 студент көптен күткен жатақханасына биыл да қоныстана алмайтын болды.

«Мәселенің оң шешімін табуы әрқайсымызға байланысты. Біз 1200 студенттің әрқайсысына неге жатақханасыз қалғанының себебін қалай түсіндіреміз? Депутаттыққа кандидат болған кезімізде оларға уәде бердік, енді олардың көзіне қалай қарамақпыз? Осындай жайттардың салдарынан халық арасында ел билігіне, депутаттарға деген сенімсіздік туындайды. Көптеген мәселелер жергілікті жерлерде шешілуі тиіс. Біз Петропавл қалалық әкімдігінен аса қанағаттанбайтын жауап алдық: маңайындағы үш үйді сатып алу керек дейді. Жылу мен сусыз нысан пайдалануға берілмейді. Қараша-желтоқсан айларында инфрақұрылым тартылмаса, жатақхананың іске қосылуы тағы белгісіз мерзімге кешеуілдейді. Бұған жол беруге болмайды», – деді Мәжіліс депутаты Еркебұлан Мәмбетов.

«Сіздер өз мойындарыңызға жауапкершілік алдыңыздар. Ендеше оны орындау керек. Кесте неліктен бұзылғаны түсінікті, ендігі мәселе – коммуникация тарту», – деді Мәжіліс депутаты Дмитрий Колода мердігерлерге. Бұл ретте құрылыс жұмыстарына – бір, инженерлік коммуникация тартуға – басқа конкурс өткізілетіні де кедергі. Ақыр соңында жылуы, жарығы, суы жоқ үйлерге ешкім қоныстана алмайтындықтан, құрылыс компаниясы оны күзетуге, суықтың салдарынан орын алған ақаулықтарды өз қаржысы есебінен жөндеуге мәжбүр.

Бас мердігер жылусыз, жарықсыз, сусыз қыстыгүні ішкі әрлеу жұмыстарын жүргізе алмайтынын айтып шағымданды. Қолды бөгеп отырған отырған жер үйлерді тәркілеу туралы да ұсыныс айтылды. Еркебұлан Мәмбетовтің айтуынша, жер телімдерін мемлекет мұқтаждығы үшін тартып алу бойынша заң тұрғысынан барлық жағдай жасалған, бұл жерде бар гәп – жергілікті атқарушы органдардың жұмысында.

Депутаттар сондай-ақ, өз тарапынан қандай көмек керек екенін сұрап білді. Әсіресе, конкурсты жосықсыз қатысушы жеңіп алған жағдайда соттың аяқталғанын күтпей, құрылыс жұмыстарын жылдамдату жолдарын заң жүзінде қалай реттеуге болатыны толғандырып отыр. Мемлекеттік сатып алуларды өткізу бойынша да заң тұрғысынан кемшін тұстар бар. Мәжіліс депутаттары осындай түйткілдерді назарға алып, алдағы сессияларда қарастыратынын жеткізді.

Әрі құрылыс пен инженерлік желі тартуға бір мердігер қажеттігі де – қарастыруды талап ететін мәселе. «Үй мен коммуникацияны бір-бірінен бөлудің қандай қажеттілігі бар? Бұл – тапсырыс берушінің кемшілігі. Заң жүзінде ондай талап жоқ. Бұрын мұндай конкурс бірге өткізілетін. Қазір салынып біткен үйге тұрғындар екі жыл бойы қоныстана алмайды», – деді Дмитрий Колода. Бас мердігердің айтуынша, екі жыл бұрын қолға алынған жобаның бюджетіне де түзету енгізетін уақыт келді. Сондықтан қазіргі қымбатшылыққа байланысты олар облыстық құрылыс басқармасына тағы бір миллиард теңге бөлуді сұрап өтінім жолдаған екен. Оны қарастыратын мерзім әлдеқашан өтіп кеткенімен, әлі күнге дейін не ия, не жоқ деген жауап ала алмапты. Халық қалаулылары мұны да сынға алды. Облыстық құрылыс басқармасының өкілі Қанат Құжымбаев бұл сұраққа мардымды жауап бере алмады. Бас мердігер болса, қосымша қаражатсыз да нысан құрылысын аяқтайтынын, бірақ сапасы нашар болатынын ашық айтты.

Жоспар бойынша заманауи екі жатақхананың аумағы – 27 мың шаршы метрден астам. Бірінші қабатында әкімшілік кеңселер, спорт залы, асхана және медицина кабинеті болады деп күтіліп отыр. Қалған он қабаттағы әрқайсысы үш орындық бөлмелерде студенттер жайғасады. Әр секцияда өзінің ас үйі, тұрмыстық және кір жуатын, кептіретін бөлмесі, жуынып-шайынатын жері болады. Мүмкіндігі шектеулі жандар үшін де барлық жағдай қарастырылған: кіре берісінде көтергіштер, әр қабатында эвакуациялық баспалдақ креслолары бар. 11 қабатты ғимараттың әрқайсысында лифтілер, соның ішінде жолаушылар көтергіш те қарастырылған. Жобалау-сметалық құжаттама бойынша жатақхананың қасбетінен бастап, іші-сыртына тағар бір мін жоқ. Енді тек жаңа ғимараттар іс жүзінде ойдағыдай салынып, пайдалануға берілсе игі.

Солтүстік Қазақстан облысы

Жанарбек ӘШІМЖАНОВ, *Мәжіліс депутаты:*

ҚОҒАМ КҮТКЕН ЗАҢҒА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

(Басы 1-бетте)

Заңсыз сатып алынған активтерді мемлекетке қайтару туралы заң жобасының мақсаты мен мәні неде?

– Бір жылдан бері Экономикалық ресурстардың заңсыз шоғырлануына қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия жұмыс істеп келеді. Нәтижелер бар. Бірақ одан әрі жұмыс істеу үшін жаңа тәсілдерді қолдану керек деген түсінік қалыптасты. Осы Заң жобасы арқылы біз заңсыз сатып алынған активтерді қайтару бойынша жаңа құралдар жинағын аламыз.

Бүгінде қолданыстағы заңнама заңсыз мүлікті қылмыстық процестік және әкімшілік процестік тәртіппен ғана қайтаруға мүмкіндік береді. Бұл ұзақ процесс, оның үстіне барлық уақытта нәтижелі бола бермейді.

Сондықтан заң жобасы халықаралық тәжірибеге, активтерді азаматтық тәртіппен ерікті немесе мәжбүрлеп қайтаруға негізделген жаңа рәсімдерді көздейді. Активтерді қайтару – күрделі жағдай. Олар азаматтық және қылмыстық істерге жатады және әдетте олардың ескіру мерзімдері болады. Басқаша айтқанда, қолданыстағы заңнама активтердің тиімді қайтарылуын қамтамасыз ете алмайды.

Заңсыз сатып алынған активтерді қайтарудың негізгі тетігі – азаматтық тәркілеу. Бұл барлық жалпыға бірдей қабылданған халықаралық стандарттарға (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы конвенцияға, БҰҰ, ЭЫДҰ және Дүниежүзілік Банктің ұсынымдарына) және үздік шетелдік тәжірибеге сәйкес келеді.

– Заң жобасын әзірлеу кезінде шетелдік тәжірибелер зерттелді ме?

– Иә, заң жобасын әзірлеу кезінде Ұлыбритания, АҚШ, Германия, Канада, Аустралия және басқа да елдердің қылмыстық іс жүргізуден тыс, яғни азаматтық сот ісін жүргізу шеңберінде азаматтық тәркілеу арқылы мүлікті тәркілеу тетіктерін қолданатын тәжірибесі зерттелді. Азаматтық тәркілеудің мәні мынада: мүлікті тәркілеу үшін адам өзінің әкімшілік-билік өкілеттіктерін пайдаланып, активтерді заңсыз сатып алғанын не қылмыстық әрекетке қатысы бар екенін дәлелдеу қажет. 1986 жылы Еуропалық Адам құқықтары жөніндегі комиссия қылмыстық іс жүргізуден тыс тәркілеу кінәсіздік презумпциясына қайшы келмейді және негізгі мүліктік құқықтарды бұзбайды деп жариялады. Азаматтық тәркілеудің қылмыстық және әкімшілік тәркілеуден айырмашылығы, ол ескіру мерзімдерімен және қылмыстық жауапқа тартудың ескіру мерзімдерімен шектелмейді. Сонымен қатар азаматтық тәркілеу олигополиялардың әсерінен қабылдануы мүмкін ескі тексерулердің, актілер мен шешімдердің нәтижелерін назарға алмауға мүмкіндік береді. Заң жобасы бойынша неғұрлым егжей-тегжейлі түсініктеме алу үшін депутат Снежанна Имашеваға, Магеррам Магеррамовқа, Айдос Сарымға жүгінуді ұсынамыз.

АДАЛ АЗАМАТТАРҒА ЗАҢНАН ҚОРҚУДЫҢ ҚАЖЕТІ ЖОҚ

– Бұл заң қоғамдағы белгілі бір топ өкілдеріне қолданыла ма?

– Заң қолданылатын адамдардың тізіміне, ең әуелі, қазір жауапты мемлекеттік лауазымдарды атқарып отырған және бұрын атқарған адамдар кіреді. Оларға Конституцияда көрсетілген барлық лауазымдар, Парламент депутаттары, Конституциялық соттың судьялары, бұрынғы Конституциялық кеңестің мүшелері, судьялар, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл, барлық саяси мемлекеттік қызметшілер мен «А» корпусының мемлекеттік қызметшілері жатады. Екінші, «олигархтар» деп аталатын неғұрлым ірі кәсіпкерлер (әкімшілік-билік ресурстарын, таныстарды, ықпалын пайдалану нәтижесінде мүлік пен кіріс алғандар), үшінші, квазимемлекеттік сектор кәсіпорындарының басшылары мен басқарушылары кіреді. Сондай-ақ осы заң жоғарыда аталған субъектілермен аффилиирленген белгілі бір адамдар тобына да қолданылады. Бұл туыстарына, достарына, жақын қарамағындағыларға, яғни нақты емес, номиналды иелеріне ресімделген активтер мен заңсыз алынған мүлікті анықтауға мүмкіндік береді. Ал адал мемлекеттік қызметшілерге, кәсіпкерлерге және инвесторларға қорқатын ештеңе жоқ. Заң ұрлыққа қатысы бар сыбайлас жемқорлар мен олигархтарға қарсы жасалған.

– Активтерді қайтару туралы жаңа заң жобасы олигархтардың пара беріп құтылып кетуіне мүмкіндік бермей ме? Себебі қоғамда активтердің белгілі бір бөлігін беріп, қалғанын сақтап қала алады деген пікірлер айтылуда.

– Жоқ, олай емес. Әділ соттан жай ғана құтылып кете алмайды. Сұраққа неғұрлым толығырақ жауап беру үшін механизмді түсіндіру қажет.

Активтерді қайтару ерікті немесе мәжбүрлі сипатта болуы мүмкін. Екі түрдің де заңды негізі бар. Заңсыз сатып алынған активтерді ерікті түрде қайтару ұғымы мен белгілі бір қағидалары енгізіледі. Ерікті тәртіп тұлға мен уәкілетті орган арасындағы келісім негізінде активтерді мемлекетке өтеусіз беруді көздейді. Егер субъект активтерді өз еркімен қайтармаса, онда азаматтық процесс шеңберінде сот шешімдері негізінде мәжбүрлеп тәркілеу қолданылатын болады. Бұл ретте, активтердің пайда болуының заңдылығын дәлелдеу ауыртпалығы өзіне қатысты мәселелер бар және арнайы тізілімге енгізілген адамдарға жүктелетін болады. Ерікті түрде қайтарылған кезде активтердің барлығын немесе бір бөлігін беруге болады. Бұл мәселені Комиссия қарайды. Ол субъектілердің активті дамытуға, активтен алынған кірістерді қайта инвестициялауға, құрылған жұмыс орындарының санына қосқан нақты үлесін және ел үшін пайдалы екендігін, активті пайдаланудың тиімділігін сипаттайтын өзге де факторларды ескеретін болады.

Активтерді ерікті түрде қайтару туралы келісімдер және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де келісімдер тұлға мен активтерді қайтару жөніндегі уәкілетті орган арасында мемлекет кірісіне айналдыру туралы талап-арыз берілгенге дейін (комиссияның ұсынымы бойынша, ол жобаның шарттарын қарағаннан кейін) жасалады.

Бұл құрал (келісім – тергеу жүргізумен жасалған мәміле) – активтерді ерікті түрде қайтаруды ынталандырудың басты шарасы және бүкіл әлемде белсенді қолданылады. Бұл – ең бастысы, қаражатты қайтару рәсімінің нәтижесі мен тиімділігі. Келісімнің талаптарын орындаған адам қылмыстық жауаптылықтан босатылады. Әйтпесе, мүлікті қайтарудың мәні болмайды. Субъект ұзақ жылдар бойы барлық инстанцияларда соттасады, ал мемлекет ресурстарын, ең бастысы уақытын ысырап етеді.

Ерікті түрде қайтару – бұл заңдастыру емес. Бұрын жүргізілген заңдастыру – ол кезде заңдастыру үшін аз ғана сома (20%) төлеу көзделді. Яғни, өте ыңғайлы болды. Қайтару туралы заңда мұндай ыңғайлы жағдайлар болмайды. Ерікті түрде қайтарған кезде, әрине кәсіпорынға салынған салым, инвестициялар (егер олар болса) ескеріледі. Бірақ барлық басқа факторлар да, соның ішінде орындалмаған инвестициялық міндеттемелер, экологияның бұзылуы, еңбек қатынастарының бұзылуы, алынған артық кірістер ескерілетін болады. Сонымен қатар жоғарыда айтылғандай, заңнамалық бастама ескіру мерзімімен шектелмейді. Егер қаражатты жасыру фактілері немесе өзге де құқықбұзушылықтар анықталса, онда тергеудің барлық тетігі қайта іске қосылады. Барлық мән-жайлар ескерілетін болады.

ҚАЙТАРЫЛҒАН ҚАРАЖАТ ХАЛЫҚ ИГІЛІГІНЕ ЖҰМСАЛАДЫ

– Сонда заңсыз активтерді қайтару жөніндегі уәкілетті органның міндетіне не кіреді?

– Активтерді қайтару – ерекше жұмыс. Мұнда әртүрлі салалардан, оның ішінде азаматтық, қылмыстық құқық пен процестен, халықаралық заңнамадан, шарттық құқықтан арнайы білім қажет. Сондықтан Бас прокуратура жанынан мамандандырылған ведомство – Активтерді қайтару комитетін құрудың жөні бар. Оның Ведомствоаралық комиссиядан айырмашылығы – расталған заңнамалық мәртебесі және біліктілігі жоғары мамандардан тұратын штаты, оның ішінде жеке сектордан – аудиторлар, қаржы аналитиктері, бағалаушылар, бухгалтерлер, наразылық беретін заңгерлер, прокурорлар болады.

Болашақ уәкілетті органның құзыретіне келетін болсақ, оның өкілеттіктерінің толық негізі бар. Яғни, орган ақпаратты жинау, талдау және мониторинг жүргізумен, ведомствоаралық өзара іс-қимыл және активтерді қайтару жөніндегі жұмысты үйлестірумен, заңсыз активтерді іздеу және мемлекетке қайтару саласындағы халықаралық-құқықтық ынтымақтастықпен, мемлекет атынан сот талқылауларына бастама жасаумен айналысады. Комитеттің міндеті – активтерінің «табиғи» және заңды түрде пайда болуына ақылға қонымды күмән тудыратын субъектілерді мұқият анықтау. Бұдан әрі осы ақпарат Активтерді қайтару жөніндегі комиссияға бұл адамдарды арнайы тізімге енгізу немесе енгізбеу туралы ұсынысты қарап, тұжырымдау үшін берілетін болады.

Тізілімге енгізілген адамдар активтерді иемдену көздерінің заңдылығын растайтын декларациялар тапсыруға тиіс. Тізілімге енгізу активтерді қайтару рәсімінің алдын ала кезеңі болып табылады. Осы кезеңде адам өз активтерінің пайда болуының заңдылығын дәлелдеуге құқылы. Мұндай жағдайда адам тізілімнен шығарылады. Ұсынылған құжаттарды қарау негізінде Комиссия алқалы түрде: одан әрі шаралар қабылдауды, оның ішінде қамтамасыз ету шараларын қабылдауды; активтерді ерікті түрде қайтару туралы келісім жасауды немесе адамды тізілімнен шығаруды ұсыну жөнінде шешім қабылдайды. Декларант активтердің пайда болуын растамаған жағдайда, бұл активтер түсініксіз байлық деп танылады және заңнамалық тәртіппен тәркіленуге жатады.

Әрі қарай, рәсімге сәйкес Комитет негізсіз байлықты мемлекет кірісіне айналдыру үшін сотқа жүгінеді. Сот Комитеттің құқығын мойындаған жағдайда бұл мүлік Арнаулы мемлекеттік қорға берілетін болады.

Ақша қазынашылықтағы арнайы шотқа түседі деп көзделіп отыр, ал мүлікті (ғимараттар, акциялар, кәсіпорындар және т. б.) осы мақсаттар үшін Қаржы министрлігі жанынан арнайы құрылатын басқарушы компания басқарады.

Басқарушы компания (жалғыз құрылтайшысы Үкімет болады) Арнайы мемлекеттік қорды толықтырып отыру үшін қайтарылған активтерді өткізу функцияларын жүзеге асырады.

– Ал қайтарылған қаражат қалай пайдаланылады?

– Қайтарылған қаражат Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыруға бағытталған әлеуметтік және экономикалық жобаларды (халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтарын қолдау, білім беру мекемелері мен басқа да әлеуметтік объектілерді салу, ауылдық жерлер мен моноқалаларды орнықты дамыту мақсаттарын қамтамасыз етуге бағытталған жобалар) қаржыландыру үшін ғана пайдаланылады.

– Заңсыз алынған активтерді қайтару процесінің ашықтығы қамтамасыз етіле ме?

– Оның ашық болуын қамтамасыз ету мақсатында тұрақты негізде жұмыс істейтін комиссия құрылады. Оның құрамына қоғам қайраткерлері, депутаттар, Үкімет мүшелері кіреді. Комиссияға Премьер-Министр басшылық етеді. Комиссия активтерді қайтару жөніндегі мәселелерді алқалы түрде қарайтын болады. Бұл жүргізіліп жатқан жұмыстың ашықтығы мен бақылануын қамтамасыз етеді. Қандай да бір уағдаластықтарға немесе құқықбұзушылықтарға жол берілмейді, өйткені оның құрамына кіретін қатысушылар көп болғандықтан, жасырып қалу мүмкін емес. Бұл азаматтық қоғам тарапынан бақылауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Комиссияның негізгі функциясы – заңсыз алынған активтерді қайтару бойынша ұсыныстар әзірлеу. Бұл ұсыныстарды уәкілетті орган қарауға міндетті. Егер нақты бір адамның активтерінің заңдылығына күмән туса, Комиссияның ұсынысы бойынша уәкілетті орган мұндай адамды тізілімге енгізуі мүмкін. Тізілімде субъектілер және олардың үлестес адамдары туралы мәліметтер болады. Азаматтық тәркілеу жөніндегі барлық негізгі шешімдер комиссия арқылы өтеді. Активтерді тәркілеу тек сот шешімі бойынша ғана жүзеге асырылады. Адамдар азаматтық сот ісін жүргізу шеңберінде шешімдерге шағымдана алады.

Осылайша, активтерді қайтаруға қойылатын халықаралық стандарттардың талаптары қарапайым: бәрі заңға негізделуі тиіс, тиісті процесс болуы керек, сот тарапынан бақылау болуға тиіс және қоғам үшін ашық болуы қажет.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Көктем ҚАРҚЫН

ЖҮК ТАСУШЫЛАР НЕГЕ ЖАБЫРҚАДЫ?

Көлікке жауапты мемлекеттік орган мен отандық жүк тасымалдаушылар арасындағы жанжал өршіп барады. Дау шекараны жүкпен кесіп өту үшін қажетті рұқсаттарды пайдаланбаған жағдайда кері қайтармағаны не бүлдіргені үшін қомақты айыппұл салу туралы бастаманың айналасында өрбуде. Құзырлы орган бұл қадамға бармасына амалы қалмағанын алға тартады. Ал кәсіпкерлер Үкіметтің бұл шарасы онсыз да титықтаған қазақстандық тасымалдаушыларды тоқырауға ұшырататынын айтады. Тайталастың мәнісі неде?

РҰҚСАТТАР АЛАЯҚТАРДЫҢ ЖЕМСАУЫНА АЙНАЛДЫ

Жүк ағыны мен транзитті дамытудың стратегиялық маңызы барын, оның табысы тіпті мұнай түсімінен де асып түсуі мүмкін екенін Мемлекет басшысының өзі айтып келеді. Бірақ осы жолда қаптаған кедергі бар. Мысалы, соңғы жылдары отандық жүк тасымалдаушылар мен трейдерлер өзге елдерге жүк жеткізуге рұқсаттың тапшылығына шағымданып келеді. Сала бизнесмендері жаргонында бұл құжат «дозвол» аталады.

MR Logistics директоры Рустам Мартасовтың түсіндіруінше, бұған сыртқы ахуал да ықпал етіп отыр: Батыс елдері Ресей мен Беларуське санкциялар енгізді, соның аясында Еуропалық одақ осы екі елдің жүк тасымалдаушыларының өз аумағына кіруіне қатаң тыйым салды. Жұмыссыз отырсын ба, ресейлік және беларустік алпауыт көлік компаниялары төл мемлекеттерінің қуатты қолдауымен Еуразиялық одақ аумағында және Қытайға жүк жеткізуге қайта бағдарланды.

Салдарынан, бұл бағыттарда Қазақстандағы автокөліктер ағыны шектен тыс артты. Бұл бір жағынан ұсыныстың сұраныстан асып түсуіне, тиісінше тарифтер мен табыстардың күрт құлдырауына соқтырды. Екінші жағынан, «дозволдардың» тапшылығын туындатты. Себебі Кеден одағы мен Қытайдың шекаралық өткізу бекеттерінің, теміржол стансаларының өткізу қабілеті шектеулі. Рұқсаттар да соған қарай беріледі.

Бұған басқа проблема жамалды. Амалын білген, қолынан келіп, қонышынан баса алған компаниялар шетелдік рұқсаттарды тым көп көлемде, артығымен алады. Бірақ артынан пайдаланбай тастайды. Көбісі оларды соған мұқтаждарға сатумен айналысады екен. Сөйтіп, жасанды тапшылық туғызылады.

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі әлеуметтік желілер және мессенджерлер арқылы шетелдік рұқсаттардың саудасы жолға қойылғанына назар аударды. «Литва, Өзбекстан, Ресей, Грузия, Қырғызстан, Түркия, Әзербайжан, Украинаға дозволдар. Дмитрий», «Ресейге, Литваға, Әзербайжанға және т.б. рұқсаттар сатылымда. Салим», «Дозволдар түсті! Алмаз» сияқты хабарландырулар жетерлік.

Министрліктің Көлік комитеті бұл жарнамаларға тексеру жүргізіпті. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитетінің бас сарапшысы Күнайым Камиева соның соңғысының жай-жапсарын айтып берді.

«Көлік комитеті алынған және қайтарылған шетелдік рұқсаттарға талдау жүргізді. Қорытындысында, мысалы, рұқсаттарды қайтармайтын немесе тым аз оралтатын 69 компанияны анықтады. Бұл ретте сол 69 компанияның бәрі бір тұлға атына тіркелген. Яғни, Алмаз Т. деген азамат бүкіл ел бойынша 69 компания ашып алған. Аталған компаниялар 2022 жылы 1 217 рұқсат алды, соның ішінде 55 рұқсатты ғана қайтарды. Компаниялар 11 өңірде ашылған: Түркістан, Қарағанды, Павлодар, Қостанай, Ақтөбе, Алматы, Жетісу, Жамбыл, Батыс Қазақстан облыстары мен Алматы және Шымкент қалаларында. Сондай-ақ бірнеше компанияны бір мекенжай бойынша тіркеу фактілері әшкереленді. Мысалы, Шымкентте 7 компанияның заңды мекенжайы бірдей» деген мәлімет келтірді сарапшы.

Оның дерегінше, жыл сайын дозволды сату үшін алатын біркүндік жалған компаниялардың саны өсіп барады. Мысалы, 2021 жылы 1 038 компания болса, 2022 жылы 2 359 компанияға дейін артты.

Олардың біразының тіркелген орны ретінде бірдей мекенжай көрсетілген және олары жалған болып шықты. Мұндай

деректер Түркістан, Павлодар, Қостанай, Жетісу, Алматы, Жамбыл облыстарында анықталды.

Көлік комитеті рұқсат беру қағидаларының талаптарын бұзушылықтарды талдау қорытындысында, барлығы 112 компанияның рұқсатын жойды.

Алайда жойылғаннан кейін бұл компаниялар қайта ашылып, заңсыз әрекеттерін жүзеге асыруды жалғастырады екен.

АДАЛ КӘСІПКЕРЛЕР ЗАРДАП ШЕГУІ МҮМКІН

Алыпсатарлыққа тыйым салу үшін Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы Кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасына бастамашы болды. Құжат алда Мәжіліске енгізіледі деп күтіліп отыр.

Ол бойынша егер отандық тасымалдаушылар өзі пайдаланбаған шетелдік рұқсаттарды уәкілетті органға қайтармаса, оны жоғалтып алса, сол сияқты шетелдік рұқсаттарды кері қайтару мерзімін бұза отырып, оралтса немесе оларды бүлдірсе, онда 100 АЕК айыппұл салады.

Заң жобасының бастапқы нұсқасында айыппұл мөлшері 1000 АЕК (3 450 000 теңге) көлемінде ұсынылған болатын. Мұны біле сала, көптеген салалық қауымдастықтар мен кәсіпкерлер бұған үдере қарсы шықты.

Содан заң жобасының биылғы маусым айының соңында жарияланған жаңа нұсқасында министрлік айыппұл сомасын 10 есе азайтып, 100 АЕК (345 000 мың теңге) дейін төмендетті. Әйткенмен, бизнес бұған да басылмай тұр.

«Весттранслайн Казахстан» ЖШС басшысы Ирина Гетманцеваның айтуынша, бұл норма заңға бағынатын, адал кәсіпкерлерге де залалын тигізеді.

«Біз бұған үзілді-кесілді қарсымыз. Мұндай жаза әлемде бірде бір елде жоқ. Көлік бизнесі – күрделі, жоғары тәуекелді бизнес. Шетелдік рұқсаттар халықаралық сапардың бүкіл бойында, үнемі көліктің салонында, жүргізушінің қоластында жатады. Бір тасымалға 5-6 бланкке дейін талап етілуі мүмкін. Сол себепті артық алуына тура келеді. Алайда пайдаланылмаған дозволдардың жолай жоғалу, ұрлану, бүліну қаупі жоғары. Өйткені көлік жол апатына ұшырауы, тоналуы мүмкін. Өзге мемлекеттің құзырлы органдары тартып алуы ықтимал. Қасақана емес, асығыс кезде дұрыс толтырмаса, қате жіберсе, бланк бүлінген болып саналады», – деді Ирина Гетманцева.

Шетелдік рұқсаттарды кешіктіріп тапсыру да әдейі жасалмауы мүмкін. Оған шекаралардың жабылуы, кедендегі кептелістер мен ұзынсонар кезектер, полицияның не басқа органның мән-жай анықталғанша автокөлікті уақытша ұстап қалуы сияқты объективті факторлар түрткі болып жатады екен.

Ендеше Үкімет жоқ жерде қылмысты іздемегені, кәсіпкерді жазалай бермегені жөн дейді бизнес.

Қазақстанның Автомобильмен тасымалдаушылар және экспедиторлар одағының (САПЭК) басқарма төрағасы Әсел Садықова да бұл норманы енгізуге қарсы екенін жеткізді. Себебі отандық кәсіпкерді жазалаудың тағы бір тетігі пайда болғалы тұр.

«Бұл шара адал жүк тасымалдаушылардың қызметіне де кері әсер етеді және теріс салдарларға соқтырып, әлеуметтік кернеу туғызуы мүмкін. Бұған қоса, шетелдік рұқсаттарды қайтармайтындарға, жоғалтатындарға, кешіктіріп не бүлдіріп қайтаратындарға басқа жаза қарастырылған: олардың келесі бланкілерді алу коэффициенті төмендетіледі. Яғни, әлдеқайда аз бланк берілуі тиіс. Ал дозволды үшінші тұлғаларға табыстау үшін қосарлама жаза көзделеді: 20 АЕК айыппұл түрінде әкімшілік жауапқа тартылады және 6 айға шетелдік рұқсаттарды алу құқығынан айырылады. Сондықтан әкімшілік жазаларды арттыруды басы артық нәрсе деп санаймыз», – деді одақ басшысы.

Сарапшының дерегінше, батыстық санкцияларды айналып өту үшін РФ пен Беларусь жүк тасушылары, көлік компаниялары өз автопарктерін Қазақстан аумағына көшіріп алды. Осы мақсатта олар елімізде көз қылып, жаңа автокәсіпорындарын тіркетіп алған. Солар арқылы одақтастардың бизнесі Қазақстаннан да үлкен көлемде шетелдік рұқсаттарды алып жатыр. Салдарынан, нағыз қазақстандық тасымалдаушылар ол рұқсаттан қағылуда.

Бұлай бара берсе, отандық тасымалдаушылар банкрот болып, өз нарығынан айырылып қалуы мүмкін.

Қалай болғанда да, дауласушы жақтарға «билер», яғни Парламент төреші болмақ. Заңның қандай күйде және қандай талаптармен қабылданатынын солар шешеді. Тек депутаттар Үкіметке бұра тартпай, заң жобасын талқылауға тараптардың бәрін, соның ішінде отандық тасымалдаушылардың өкілдерін шақыруды ұмытып кетпесе болғаны.

Елдос СЕНБАЙ

«ЖЕЗКИІК, БІЗДІҢ ЖАҚҚА ҚАЛАЙ КЕЛДІҢ?»

Ежелден киікті киелі санаған халқымыз осынау түз жануарын ерекше қастерлеп, түрлі аңыз-ертегілерге, жыр-дастандарға арқау қылғаны жасырын емес. Кие қонған ақбөкендер де қазақ даласына ерекше бауыр басқан. Сондықтан болар әлемдегі киіктердің 90 пайыздан астамы – қазақ даласында. Қазақстан киіктері әдетте Бетпақдала, Үстірт және Орал популяциясы болып бөлінгенімен, елдегі ақбөкеннің 90 пайыздайы Батыс Қазақстан облысының оңтүстік өңірін мекендейді. Алайда бұл жануар соңғы үш жылдан бері Батыс жұртының «бас ауруына» айналып келеді. Осы жылғы соңғы дерек бойынша, киік популяциясы 2 миллионға дейін өскен. Бұл былтырмен салыстырғанда 45,3 пайызға көп. Осы мәселемен айналысатын Батыс Қазақстан облысы ғалымдарының қорытындысы бойынша Орал өңіріндегі шаруа қожалықтарына және киік популяциясын сақтауға оңтайлы киіктер саны 450-500 мың бастан аспауы керек. Бұл дегеніміз – 2023 жылы 2 млн басқа жететін киік саны ғалымдар көрсеткен саннан 4 есе артық деген сөз.

Наурызбек САРША

Киіктер санының өсуі, олардың шаруа қожалықтарының егіндіктеріне, шабындық және жайылымдық жерлеріне жайылуы, малға күні қараған ауыл тұрғындарының қысқа қамданып шөп жинай алмауына, егін еккен шаруаларға егінін жинауға және көктемде егіс егуге алған несиелерін өтей алмауына себеп болып отыр. Киік санын азайтуға халық қауқарсыз. Өйткені Қазақстан 2006 жылғы киіктерді сақтау, қалпына келтіру және орнықты пайдалану мәселелері жөніндегі өзара түсіністік туралы Меморандум мен 1973 жылғы 3 наурыздағы «құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы Конвенция» (СИТЕС) сияқты халықаралық уағдаластыққа қол қойған. Осыған байланысты киіктің «жойылып бара жатқан жануар» деген мәртебесін «коммерциялық пайдалануға жататын жануар» түріне ауыстыру мәселесі қарастырылғанымен қандай да бір нақты іс-шаралар әлі қолға алынбай келеді.

МАЛ АШУЫ – ЖАН АШУЫ

Қазығын батысқа қаққан қараша халықтың азығын төрт түлік малдан тапқаны баршаға мәлім. Міне, осы ауылдың ырыс-берекесі, күн көріп отырған тірлігі – мал болса, сол малды асырай алмайтындай күйде қалған шаруалар күйігі – киік болғалы 3 жылдан асып келеді. Көптігі қыр қайыстырған қалың киік шабындыққа шалғы салғанша танаптарды таптап, түк қалдырмайтын түрі бар. Шаруалар соңғы 2-3 жылдан бері дабыл қағып, мал өсіруге мүмкіндік қалмай бара жатқанына шағымданып келсе де, күрмеуі қиын мәселенің шешілер түрі көрінер емес.

Қазталов ауданының Қараоба ауылдық округіндегі «Қошпан» шаруа қожалығының жетекшісі Айдын Сүндетов – өзінің фейсбук желісіндегі парақшасында осы мәселені жиі көтеріп жүрген шаруаның бірі. Ол әлеуметтік желідегі «киікті атпау керек», «бөкендердің төрт түліктің жайылымына зияны жоқ» деген пікірлерге: «Шаруаларды залым, қатыгез қып көрсетудің қажеті қанша? Шаруалар: «атып қырып тастаңдар» деп жатқан жоқ қой. Олар: «санын реттеңдер, не болмаса басқа өңірлерге бөліңдер. Қалай болғанда да жұмыс істеуге мүмкіндік беріңдер деп отыр» деп жауап берген. Сонымен қатар ол өзінің жеке парақшасына киіктер тіпті, жолға шауып шығып, көліктерге авариялық жағдайлар туғызып жатқан видеолар жүктеп апатты жағдайларды бөліскен.

Жаңақазан ауылдық округі әкімі Сәдуақас Губашев болса, «Жаңақазан ауылдық округі бойынша 70-тен астам шаруа қожалық бар болса, соның 90 пайыздан астамы киіктен зардап шегіп отыр», – дейді.

– Биыл шөптің шығымы шамалы, қуаңшылыққа таяу. Бұрындары киіктер біздің аумаққа қазан айларында келе бастайтын. Оған дейін шаруа қожалықтар шөптерін жинап, қысқы қамдарын жасап алатын. Ал биыл көктем соңынан бастап киіктер маңайымызда күнде өріп жүретін болды. Шығымы аз шабындығымызға түскен киіктер бар шөбімізді отап тастады десек болады. Бұрындары шаруа қожалықтар өз шабындықтарынан 150-160 орам шөп жинаса, қазір оның саны 40 орамға дейін түсіп кетті. Ауылдың қазіргі басты мәселесі шаруа қожалықтарды шөппен қамтамасыз ету болып отыр. Қазір екі күннің бірінде шаруа қожалықтардан шағым түсіп жатады. Кеше ғана осы шөп мәселесімен қырлардағы шаруа қожалықтарды аралап қайтқанымда, шаруалардың шөппен қоса судың да тапшылығын сезіне бастағанын байқадым. Көктем кезінде жиналатын мал ішетін сулардың денін киіктер таяздап жатқанын көрдім. Биыл 2 млн-нан асқан киіктердің мәселесін шешпесе, келесі жылы егіздеп төлдейтін түз жануары екі есеге көбейіп кетпесіне кім кепіл, – дейді ауыл әкімі.

«ПРЕЗИДЕНТТЕН КӨМЕК СҰРАЙМЫЗ»

Ал «ҚР Ауыл шаруашылығы ардагерлер ұйымы» РҚБ «БҚО ауыл шаруашылығы ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестік төрағасы Лавр Хайретдинов бүгінде осы мәселеге жіті назар аудартып, мәселе көтеріп жүрген белсенділердің бірі. Ол қарызға батқан, берешегі шаш етектен шаруалардың банкрот болуы жақын екенін, осылай бола берсе, шаруалар бұл жерден қаша бастайтын шығар деген күмәнін жасырмады. «Зардап шеккен шаруаларға ешбір банк төмен пайызбен несие бермейді, техниканы арзанға ұсынбайды. Шөпті сатып алдың-ау, оны тасымалдауға ақшаң кетті-ау деп несиесі кешірілмейді, кешірмек түгілі пролонгация жасалмайды. Кейбір шаруалар жайылымын қорғау үшін биыл миллиондаған қаржы жұмсап, металл бағаналар сатып алған. Осы жанайқайымыз жоғарыға, Мемлекет басшысына жетсе екен дейміз», – деген Лавр Рашидұлы Мемлекет басшысына шаруалар атынан хат жолдағанын айтты. Хатқа 253 шаруа қожалық жетекшісі қол қойған. «Жалға жер алдық, салығын төлеп отырмыз. Оны киік жеп, отап кетеді. Сонда бізге не пайда?!» – деп күйінеді шаруалар.

ҮКІМЕТ ҮНІМІЗДІ ЕСТИ МЕ?!

Киік мәселесінде халық қалаулылары да үнсіз қалып отырған жоқ. Жуырда Парламент Мәжілісінің бірмандатты депутаты А.Құспан, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері С.Имашева, Ү.Шапақ, «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы фракциясының мүшелері С.Егізбаев, А.Зейнуллин Премьер-министрге және Ауыл шаруашылығы министрі Е.Қарашөкеевке киік мәселесі жөнінде «КИІК МӘСЕЛЕСІ – КҮЙІП ТҰРҒАН МӘСЕЛЕ» деген тақырыппен депутаттық сауал жолдады. «Киік санының шамадан тыс еселеп өсіп кетуі, бірнеше жылдан бері батысқазақстандық шаруа қожалықтарына үлкен материалдық шығындар әкелуде. Биыл бұл жағдай өзінің критикалық ең соңғы нүктесіне дейін жеткелі отыр. Арифметика тілімен сөйлесек, жазғы мезгілде әрбір киік күніне 6-7 кг шөпті азық қылады, яғни екі миллион киік көктем-күз кезінде 100 мыңдай тонна шөпті жеп жояды. Сонда шаруа қожалықтарының малына не қалады?! Және мәселе тек шөппен шектелмейді, орташа есеппен әр киік күніне 5 литрге дейін су ішеді, сонда әр тәулік сайын 10 мың тонна су тұтынатын 2 миллион киік көктем-күз аралығында жергілікті су ресурстарын 2,4 млн тоннаға сарқиды деген сөз. Бұл ауадан алынған сандар емес, батысқазақстандық ауылшаруашылығы мамандарының өзара бірлесіп атқарған жұмысының нәтижесіндегі нақты есеп.

Қазір қоянның жазы қуаңшылықпен басталып жатыр. Осы онсыз да аз шөпті киік жеп бітіруге жақын, сондықтан биыл БҚО оңтүстік бағытында орналасқан 5 ауданның қожалықтары мен мал иелері жарытып шөп шауып, қысқа мал азығын жеткілікті дайындай алмайтыны анық. Олар: Жәнібек, Бөкей ордасы, Жаңақала, Казталов және Ақжайық аудандары. Сондықтан алдағы қоянның қысында (2023 жылдың желтоқсаны – 2024 жылдың ақпаны) малға берер дымы жоқ болғандықтан, Үкіметтен көмек болмаса жұт қаупі төніп тұр», – деген сауал жолдаған халық қалаулылары мәселе оң шешімін таппаған жағдайда Батыс Қазақстан облысы үлкен толқулардың ошағына айналу қаупі барын да ескертті.

ТҰЙЫҚТАН ШЫҒАР ЖОЛ ҚАЙСЫ?

Киік мәселесін зерттеп жүргендердің бірі – ғалым, экономист Айтуған Мұқашев. Ол тіпті, киіктерді қолға үйретуді қолға алып, 70 бас ақбөкеннің лағын жеке қожалықта өсіріп те бастаған болатын. «Киік мәселесі бүгін туындап отырған мәселе емес. Үш жыл бойы шаруалар зар қақсап келді. Оған құлақ асқан ешкім болмады. Ақыры, міне, жағдай күрделеніп кетті. Біздің елімізде киік мәселесі ғылыми тұрғыда қарастырылмаған. Бізде тек мүйізі үшін қаншама киік босқа қырылады. Сол кезде маған неге біз тек киіктің мүйізін кесіп алып, денесін қоқысқа тастаймыз, неге киіктің еті мен терісін дұрыс пайдаланбасқа деген ой келді. Қазіргі таңда киікті союға рұқсат жоқ. Сондай-ақ киікті басқа елге шығаруға да болмайды. Мысалы шет елдердің зообақтарында киіктерді мүлдем көрмейсіз. Біз неге сол шетел зообақтарына киіктерді сатпаймыз. Біздің еліміздің бренд киіктері әлемнің үлкен зообақтарында тұрса қандай жақсы? Біз неге киіктердің еті мен терісін ғылыми тұрғыда пайдаға асырмаймыз?», – дейді Мұқашев.

Сонымен қатар ол «Құзырлы мекемелер киіктерді біресе «ату керек» десе, біресе «атпау керек» деп жатады. Егер ататын болса, онда осы уақытқа дейін киіктерді атып сотталған, киіктерді қорғаймын деп қаза болған қанша адамдар бар? Ендеше, оларға моральдық өтемақы болуы керек қой? Көрдіңіз бе, бізде бірізділік жоқ», – деп атап өтті ол.

P.S.

Қазақта амандықтан соң «мал-жан аман ба?» сұрайтын ғадеті әлі де бар. Бұл – тіршілігін төрт түлікпен байланыстырған бабалар жолы, өмір салты. Малы жұтаған елдің өзі жұталады. Қоян жылының қылышын сүйреткен қытымыр қысында батыстық ағайынның мал-жаны аман болсын десек, түз жануарының санын реттеуге жүйелі жұмыстар атқарылуы кезек күттірмейтін мәселе болып тұр. Қыс қамымызды жаз сайлайтын уақыт – осы. Еліміздің басты бренді – киік болғанымен, басты капиталы – халық екенін ұмытпағанымыз жөн!

ШАРУАЛАР ШАРАСЫЗ

Соңғы жылдары елімізде киіктер шамадан тыс көбейіп, диқандарды шарасыз күйге түсіріп жатқаны рас. Мыңдаған киіктің шабуылы салдарынан енді көктеп шыққан егіні тұтастай тапталып кеткен шаруалар зар илеп отыр. Алайда аталған мәселе жөнінде Үкімет пен Парламентте, облыс әкімдіктерінде талай жиын өткізілгенімен, нәтижесі болмаған.

Экология және табиғи ресурстар министрлігіне қарасты Жануарлар дүниесі және аңшылық шаруашылық басқармасының мәліметінше, ел аумағында киіктердің саны 2 миллионға жуықтап қалған. Қазіргі уақытта елімізде киіктердің еті мен терісін ғылыми мақсатта болмаса, басқа да мақсаттар үшін қолдануға 2024 жылға дейін тыйым да салынған.

Экология және табиғи ресурстар министрінің бұйрығымен жануарлар дүниесін қорғау, сақтау және көбейту жөніндегі өкілетті орган ведомстволы қызметкерлері жергілікті атқарушы органдар және «Охотзоопром» РМК мамандандырылған ұйымдар егістік алқаптарын киіктердің таптап кетуіне жол бермеу үшін көмек көрсету және ескерту мақсатында арнайы штаб та құрылған еді. Ведомство киіктен «көресіні көрген» аймақтағы фермерлерге көмек беру мақсатында «Охотзоопром» инспекторлары мен орман шаруашылығы мамандарынан қосымша арнайы экипаждар жолдауға мәжбүр болғандарын айтады. Дегенмен аймақтардағы жағдайдың ушыққаны соншалық, жергілікті шаруалар дабыл қағуда.

Ақмола облысында да мәселе биыл аса күрделі. Әсіресе, Атбасар, Жақсы, Жарқайың, Егіндікөл, Целиноград және Астрахан аудандарында мыңдаған гектар егістік алқапты киіктер таптап кеткен. Облыс аумағындағы киіктердің жалпы саны 2021 жылы шамамен 40 мың басқа жуықтаса, былтыр 80 мыңнан асып жығылған. Ал биыл өңірдегі әкімдіктер жүргізген деректер бойынша киіктердің жалпы саны 200 мыңнан асып кеткен.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметінше, өңірде киіктер жайлап кеткен егістік аумағы 100 мың гектардан асады. Басқарма басшылығы одан қаншалықты шығын келтірілгенін тап басып айта алмады. Былтырғы шығын көлемі 7,1 миллиард теңгедей болған. Ведомство алдағы уақытта комиссиямен тексеріс жүргізіліп, шығын көлемі есептелетінін жеткізді.

– Түйінді жағдайды шешу үшін облыс әкімдігі биыл да киіктердің санын заңнамалық деңгейде реттеу мәселесін шешуге ықпал етуді сұрап, министрліктер мен Үкіметке, Парламентке хат жіберген еді. Бірақ күні бүгінге дейін бұл мәселе басы ашық күйінде қалып отыр. Өйткені киіктер әлі де болса мемлекеттік қорғауға алынған. Осыған байланысты қолда бар мүмкіндікті пайдаланып, егістік аймақтардағы шекараны шолу, атты және авто-мототехникалы шолушыларды қолдану, киіктердің жолына дыбыстық құрылғылар қойып үркітуден басқа амал болмай тұр. Шығынға белшесінен батса да, фермерлерге мемлекеттен көк тиын көмек берілмейді. Бұл заңмен де қарастырылмаған, – дейді Ақмола облысы ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Кенеш Әлімжанов.

Естеріңізге салсақ, былтыр егістік алқаптарын қорғау мақсатында Атбасар ауданындағы шаруалар өз еріктерімен олардың айналасын 3 метр тереңдікте қазып тастаған болатын. Аталған іс жануарларды қорғаушылар мен фермерлер арасында үлкен дау туғызған. Атбасар ауданының әкімдігі жергілікті фермерлердің бұл әрекетін киіктердің шабуылынан былтырдың өзінде шаруалардың 2,5 миллиард теңге сомасында шығынға батқандығымен түсіндірген. Әрі жергілікті деңгейде аталған мәселені шешу мүмкін еместігін айтқан. Аталған жағдайға қатысты құзырлы органдардың тарапынан нақты іс жүзінде еш әрекет болмауы қос тараптың арасындағы дауды шиеленістіріп жіберген еді. Дегенмен күрделі мәселеде орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі инспекциясы да тиісті шаралардың жүргізіліп жатқанын жеткізді.

Жыл сайын көктем уақытында инспекция «Охотзоопром» РМК-мен бірлесіп киіктердің санына әуеден санақ жүргізеді. Жыл сайын киік төлдеген кезде оның саны бірнеше есеге ұлғаятынын ескерген жөн. Биыл киіктер төлдегенге дейінгі саны 60 мың бастан асып жығылған. 10 мамырда киіктердің жаппай төлдеуі басталды. Енді жаңа туған киік құралайын қоса алғанда өңірде шамамен 100 мыңға жуық киік бар деп шамалауға болады. Экология министрінің бұйрығымен киіктердің ауыл шаруашылығы жерлерін таптап кетуін болдырмау мақсатында жедел штаб құрылған. Мұндай штаб киіктердің барлық популяциясы бойынша өңірлік дейгейде де құрылды, – дейді Ақмола облысы жануарлар дүниесі және орман шаруашылығы аумақтық инспекциясының басшысы Лашынтай Дүйсенов.

Ведомстволық деректеріне сенсек, аймақта киіктер мәселесін шешу мақсатында халықаралық сарапшылар да тартылыпты. 20-24 мамыр аралығында олар Қорғалжын қорығы мен Батыс Қазақстан облысы киіктерінің көшіп-қону аймақтарын аралаған. Сондай-ақ Астана қаласында 25-27 мамыр аралығында киіктердің санын реттеу мәселесі талқыланған. Экология министрлігі Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан агротехникалық университетімен бірлесіп, киіктердің санын реттеуде ғылыми зерттеу жүргізіп, биологиялық негіздеме алу жұмысына кіріскен.

Сонымен жыл өткен сайын елдің онсыз да құлдырап бара жатқан ауыл шаруашылығы саласына елеулі кері ықпалын тигізіп жатқан киіктер мәселесі күн тәртібінен түспей тұр. Бұл орайда ауыл шаруашылығы және экология министрліктері бірлесіп, киік популяциясын реттеу және олардың көшіп-қонатын жерлеріне бейберекет егін салуды тоқтату мәселесін жылдамырақ шешпесе астықты аймақтарда мәселе одан сайын ушығатыны айтпаса да түсінікті.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

ЛЕГИОНЕР ЛЕГІ ТОЛАСТАМАЙ ТҰР

Қазақ спортына сұранып келген және сырттан келіп қосылған легионерлер легі аз емес. Әсіресе, футбол, хоккей, баскетбол клубтарынан өзге елдің азаматтарын жиі байқаймыз. Олардың айлықтары да миллиондап саналады. Бірақ айды аспанға шығарып, қазақ спортын нәтижеге жеткізіп жүргендері аз. Неге?

Көктем ҚАРҚЫН

Елдар ҚАБА *(коллаж)*

Қазір спортқа легионерлерді тарту ешкімге де таңсық емес. Себебі шет мемлекеттерден спортшылар шақыру – әлемдік спорт саласында қалыптасқан құбылыс. Дегенмен біздің елімізде легионерлерге көрсетілетін «құрмет» тым жоғары. Осы мәселені бұған дейін Парламент Мәжілісінің бұрынғы депутаты Сәкен Қаныбеков те көтерді. Оның пайымынша, жыл сайын спорт және дене шынықтыру саласындағы уәкілетті орган легионерлерді қысқарту бойынша саясатты жүргізеді. Дегенмен олардың саны қысқартылмайды.

– Барлық спорт түрлерінде бюджеттік шығындарды қайта қараудың уақыты келді. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы соңғы жарияланымдарға сүйене отырып, көптеген Еуропа елдері, сондай-ақ Ресей мамандар мен легионерлерден бас тартуды қолдады. Осы шешімдердің қабылдануы жас спортшылардың ішкі әлеуетін дамытуға мүмкіндік береді, – деді С.Қаныбеков.

Алайда легионерлер саны жыл өткен сайын көбеймесе, азаяр емес. Айталық, 2021 жылы премьер-лигадағы 370 футболшының 150-і – легионер болыпты. Оған бірінші лигадағы 16 футболшыны қосса, барлығы 166 легионер екен. Бұл тек футболдағы бізге мәлім легионерлер саны. Ал басқа спорт түрлерінде шеттен келген ойыншылар қаншама?

– Шеттен спортшылар шақырғанда Роналду мен Мессиді әкеп қойса, бір жөн. Бірақ біздің футболға Молдова деген елдердің екінші, үшінші девизионында жүрген ешкім танымайтын, ешқандай нәтиже көрсетпейтін жігіттерді әкеледі. Олардың арасында күніне 1 млн теңгеге дейін табатындар бар, – дейді спорт журналисі Аслан Қаженов.

ҚЫРУАР ҚАРЖЫНЫ ҚАЛТАҒА БАСАДЫ

Былтыр «Барыс» хоккей клубының ойыншысы Никита Михайлистың жылына 401 миллион теңге жалақы алатыны белгілі болды. Бұл аздай, Линдей Вей деген шетелдік ойыншыға бір жылдық шарт пен 481 миллион теңге ұсынған. Былтыр «Спорт қоры» арқылы тек «Барыс» хоккей клубына 8 млрд теңге бөлінген. Ал ондағы кейбір ойыншылардың айлығы 40 млн теңгеден асады деген де ақпарат шыққан еді. Әрине, мұндай қомақты сома шет елден келген легионердің қалтасына түсетіні белгілі.

– Бір жаманы қазір Ресей, Армиян, Беларусь ойыншыларын легионерлерге қоспайды. Хоккейде де солай. Осы елдердің ойыншылары легионер болып есептелмейді және Канада, Америкадан үйіп-төгіп спортшылар әкеледі. Былтыр хоккейшілерге ресми 8 млрд теңге бөлінді деген ақпарат шықты. Бірақ КХЛ оны 2,5 млрд деп отыр. Қалған 5,5 млрд қайда екенін білмейміз. Ешкім есеп беруді міндет деп ойламайды, – дейді Аслан Қаженов.

Үлкен спортта оның ішінде хоккей, футбол сияқты командалық спорт түрлеріне сырттан ойыншы шақыру – бүгінгі күннің негізгі талаптарының бірі. Легионерлерді шақырмай жақсы команда жасақтау мүмкін емес. Өйткені командалық спорттың басқа спорт түрлерінен ерекшелігі 1-2 ойыншы чемпионаттың тағдырын шеше алмайды. Сондықтан мықты клубтың құрамында міндетті түрде легионерлер болады. Ал командамыз көштен қалмай жүре берсе жетеді дейтін болсақ, легионерлердің де қажеті жоқ. Қаржысы көп әлемдік деңгейдегі клубтар үшін біз айтып жүрген 480 миллион теңге тек түстенудің құны болып саналады. Ұлттық хоккей лигасында ойнайтын Канада мен Американың клубтары легионерлерді бізден 10-20 есе көп ақша төлеп шақырады. Сондықтан спорт сарапшысы Несіп Жүнісбайұлының айтуынша, елімізде кәсіпқой клубтар ең бірінші өзін-өзі қаржыландыратын болса ғана шеттен спортшылар шақыруы керек.

– Америкадағы клубтар ақшаны өздері табады. Ешқашан Канада мен Американың үкіметі спорт клубтарын қаржыландырмайды. Ал кәсіпқой клубтар қаржыны қалай табады? Бірінші клуб ойынды көруге келетін жанкүйерлердің қолдауымен, екінші өздері тәрбиелеген ойыншыларды сату арқылы, үшінші түрлі жарыстарға қатысып жүлде қорларын жеңіп алса, төртінші жарнама берушілер арқылы ақша табады. Мұндай жағдайда кәсіпқой клуб қаржысын қайда жұмсаса да өзі біледі. Ал Қазақстанның жағдайында спорт клубтарының қыруар қаржыға спортшы шақыруы – ақымақтық. Себебі біз көп болса өз тобымыздан әрең шығып, ары қарай іріктеу кезеңінің 1-2-ойындарда сүрінеміз. Құрлықтық хоккей лигасында ойнап жатқан командалардың, чемпионаттың маңызы анау айтқандай емес. Біздің елімізге ол чемпионаттан үлкен абырой да келмейді, – дейді спорт сарапшысы.

Жалпы Қазақстанда өзге елден спортшы шақыру үрдісі 90-жылдардан бастау алған. Алғашында еліміздің Ауыр атлетика федерациясы сырттан легионерлерді алдыруға қатты әуес болатын. Өйткені елімізде ең көп легионерлерді шақырып, мәртебелерін көтерген ауыр атлетика екен. Федерация құрамына келіп, Қазақстан азаматтығын алған Эдуард Тюкин, Вячеслав Ершов, Алла Важенина, Светлана Подобедова секілді ресейлік зілтеміршілердің жетістіктерін атап өтуге тиіспіз. Одан кейін қытайлық Зүлфия Чиншанло мен Мая Манеза да қоржынымызды майлады. Шетелдік спортшыларды тарту арқылы жетістікке қол жеткізген Ауыр атлетика федерациясының бұл қадамы кейін өзге спорт салаларын да дендей бастады. Теннис, күрес, футбол, велоспорт сияқты спортта «Қазақстанның жаңа азаматтары» көбейе бастады. Бірақ барлық федерацияның қадамы табысты болды деп айта алмаймыз. Тіпті қазаққа жақын спорт түрі – күрестен де сырттағыларды сынап көрдік. Қазақтың білекті һәм жүректі жігіттері тұрғанда легионерлер жастарға үлгі болады деген тым өрескел ұстаным екенін ескергендер саусақпен санарлық. Легионерлерді шақыртуға құмарлардың айтар уәжі біреу – Қазақстанның халықаралық беделін көтеру, имиджін қалыптастыру. Жасанды бедел алып, елге абырой бола қоймасын ескергендер тым аз. Осылайша, тәуелсіздік алғаннан бері, ақша үшін Қазақстан сапында өнер көрсеткен талай спортшылар келіп, кетті.

ЛЕГИОНЕР ТАРТУ – СПОРТТЫ ДАМЫТУ ЕМЕС

Соңғы кездері «Уимблдон» турнирін жеңген Елена Рыбакина мен жеңіл атлетикадан әлем чемпионатында көзге түскен Нора Джерутоның жұлдызы жарқырады. Алайда екі спортшының Қазақстан атынан шығып жүргеніне көп уақыт бола қойған жоқ. Олардың жетістігі еліміздегі спорт саласының дамуының айқын көрінісі ме? Әлде уақытша нәтиже ме?

– Мен легионерлерге қарсы екенімді бұрыннан айтып келемін. Одан да соларға құртып жатқан қаражатты өзіміздің игілігімізге жұмсасақ, көптеген дарындарымызды көтеруге болар еді. Бапкерлердің айлығын көтерсек, олар да жақсы жұмыс істеуге ынталанар еді. Бүгінде тенниске, күреске, ауыр атлетикаға тағы басқа спорт түрлеріне легионерлер көптеп келіп жатқаны ешкімге жасырын емес. Бұл үрдіс бүгін пайда әпергенімен, аталмыш спорт түрлерінің қуанышын ұзаққа созбайтыны белгілі. Менің ойымша, легионерлерді тарту – спортты дамыту үшін емес, сол федерациялардың президенттері өз беделдерін көтеру үшін жасалып жатқан қадам. Өйткені легионерлердің жеңісі еліміздің атын әлемге шығара алмайды, – дейді бапкер Тұрсынғали Еділов.

Оның айтуынша, осы уақытқа дейін «Астана» велокомандасына да, басқа спорт түрлеріне де қаншама легионерлер шақырдық. Олардың барлығы бірдей жоғары нәтиже көрсеткен жоқ. Ал бір-екі жарыста топ жарғандары келісімшарт аяқталған соң өз елдеріне кетеді. Осылайша, қаншама қаржыны желге ұшырдық. Жүгіруден бәрібір Кениядан оза алмаймыз. Өйткені әр елдің өзіне ғана тән озық спорт түрлері бар.

– Сол сияқты біз де өзімізге жақын, өзімізде бар спорт түрлерін дамытуымыз керек. Легионерлерге төлейтін қыруар қаржыны үнемдеп, өз еліміздің де мықты бапкерлер мен чемпиондар дайындай аламыз. Менің ойымша, қазақ балаларын оқытып, чемпион дайындауға әлі де кеш емес. Төл спортшыларымызға қолдау білдіріп, Әнұранымызды жүрегімен орындап, көп байрағымызды риясыз көңілмен мақтана желбіретіп тұрған спортшы ғана патриоттық рухымыздың асқақтай түсуіне, нығайта түсуіне үлес қосады, – дейді бапкер.

Ұлттық құрамаларға легионер шақыру, ішкі біріншіліктегі шетелдік легионерлерді жерсіндіру мәселесі қай уақытта да өзектілігін жойған емес. Мұндай үрдіс бүгінде барлық спорт түрінде кең етек алған. Қазақстан хоккей құрамасының американдық, канадалық легионерлерге азаматтық бергенін отандық спорт жанкүйерлері жақсы біледі. Заң бойынша Қазақстанда кемінде 5 жыл тұрған, осы елдің суын ішіп, ауасын жұтқан азаматтар ғана азаматтық ала алады. Бірақ спортта, жалпы, Қазақстанда ғана емес, әлемде азаматтықты жылдам беру үрдісі қашаннан-ақ бар. Алайда күні кеше Ұлттық хоккей құрамасында болған Егор Петухов, Антон Сагадеев және Алексей Маклюковтің Қазақстан азаматтығынан бас тартқанын және ұлттық құрамадан шығатыны белгілі болды. Құрамаға «жұғымсыз болған» үшін Қазақстан азаматтығын алса да, Ресей азаматтығынан бас тартпаған. Олар ақыр соңында Қазақстан құрамасына қосылмауға шешім қабылдады. Олардың әрекеті ел құрамасының дайындығы мен бабында болуына нұқсан келтіріп, шығынға батырғаны анық. Кезінде аттай қалап алдырып, бар жағдайын жасаған легионерлер осылайша бір сәтте құрамадан да, азаматтықтан да шығамыз деп отыр.

– Бөтеннің жеңісіне малданғанда отандық спорттың сапасы жақсарып кетпейді. Легионерлер арқалы уақытша тығырықтан ғана шығамыз. Аталмыш тәжірибе елімізге ештеңе берген жоқ. Керісінше спорт саласы күннен-күнге құлдырап барады. Талай мықты спортшылар мен бапкерлер бар. Бірақ олардың еңбегі бағаланбай, келімсектердің тасасында қалып келеді. Отыз жылда келіп, кеткен легионерлерге қыруар қаржы төлесек те, олардың нәтижелеріне ешкім бақылау жасап отырған жоқ, – дейді Тұрсынғали Еділов.

Иә, судың да сұрауы бар. Ел бюджетінен бөлінген қыруар ақшаға шақырылған легионерлердің нәтижесіне бақылау жасайтын уақыт келді.

ӘЛЕККЕ САЛҒАН АЛИМЕНТ

Өз қанынан жеріп, туған баласын тағдырдың талқысына салып кете беретін ата-аналар көбейді. Ұрпақ алдындағы аманатты аттап, ар-ұятты ұмыт қалдырғандарға қазіргінің заңы да қауқарсыз болып отыр. Өкінішке қарай, бүгінгінің безбүйрек әкелері мен жауапкершіліктен жұрдай аналары баланың ақысын бермеу үшін сан түрлі айла табудан амал қалдырмайды. Тіпті, қашқын ата-аналарды жауапкершілікке тартқызып, түрмеге тоғытатын соңғы түзетулердің өзі де оларды жүгендей алмай келеді.

Жадыра МҮСІЛІМ

Соңғы жылдары елімізде «қашқын» атааналардың қарызы 14 миллиард теңгеге жеткен. Айталық, қазір 16 мың қазақстандықтың елден шығуына тыйым салынып, екі мыңнан астам адам іздеуде жүр. Олардың қатарында әйелдер де бар. Бірі перзенті алдындағы борышын өтемеу үшін жалақысын жасырса, енді бірі баласынан бас тартып, жауапкершіліктен жалтарады.

ҚАШҚЫН «ӘКЕ» ЖЕТКІЗБЕЙ ЖҮР

Әділет министрлігінің мәліметіне сүйенсек, елімізде 80 мыңнан астам алимент алушы бар. Оның көпшілігі – әйелдер. Бүгінде осы жалғызбасты аналар әр есікті жағалап, алимент өндіре алмай, аяқтан таусылуға мәжбүр. Соның өзінде баласы алдындағы берешекті міндетсінетіндер көбейген. Осыдан он жыл бұрын күйеуімен заңды түрде ажырасқан астаналық тұрғын Әлия Сүлейменова баланың қаржылық шығындарын өзі жауып келеді. Себебі бұрынғы күйеуі баласы алдындағы қарызды өз еркімен бергісі жоқ.

Астана қаласының тұрғыны Ұлбосын да – ұлының әкесінен жылдар бойы алимент өндірте алмай сандалғандардың бірі.

«Шыны керек, бұрынғы күйеуімді 2014 жылдан 2021 жылға дейін алимент өндіріп алу үшін құдалаймын деп шаршадым. Қызықтың көкесі сол, шаруашылық қожайыны қайын атам күйеуімнің жағдайы жоқ екенін, алатын жалақысы мардымсыз екенін айтып қол қойған қағазын ұсынған. Ол жерде бұрынғы күйеуімнің шаруашылықта қарапайым малшы болып істейтінін және айлығы қыста 30 мың, жазда 50 мың деп ұялмай жазып берген. Шаруашылық иесі – ұлымның атасы қағаздың астына қол қойыпты. 2021 жылға дейін өз еркімен бірде-бір рет алимент төлеген емес. Негізі тұрғылықты жердегі сот орындаушылары бұрынғы күйеуімнің тұрмыс жағдайы жақсы екенін біледі. Соның өзінде сот орындаушыларын соңынан жүгіртіп жүріп, құжатта көрсетілген ең аз жалақы негізінде есептеп, 5000 теңгені жүз бөліп беріп келді. Артынан жүгіріп шаршағандықтан, 2021 жылы алимент өндіруден өз еркіммен бас тарттым. Заң әлсіз болған соң оның қулығына құрық байлау мүмкін болмай кетті», – дейді ол.

Айтуынша, осы жылдардың ішінде жергілікті жердің әкімдігіне де жағдайды айтып, сот табалдырығын да сан тоздырған. Бірақ сот шешімін орындатуға келгенде жеке сот орындаушылары енжарлық танытады екен. Өйткені сот орындаушылары өз жерлестері болғандықтан, түбіне дейін жеткізбейтінін айтқан Ұлбосын: «Қарызды уақытында қайтармауының себебін бұрынғы күйеуім «алимент төлейтінімді білмей қалыппын» деп түсіндірген. Кейін «қарапайым малшымын, жағдайым жоқ» деп өз қолымен түсініктеме жазыпты» деп отыр. Сол үшін де алимент өндірудің әлегін бір кісідей білетін Ұлбосын қазір баласының жалғыз асыраушысы өзі болып отыр.

Ал алматылық Мерекенің бұрынғы күйеуі 16 жыл бойы туған қызына бір тиын да бермеген. Алимент өндірту үшін ол да әкімдік пен соттың есігін күзетіп, сот орындаушыларының соңынан қуып шаршапты.

«Қызым жасқа толмай жатып алимент өндірту туралы талап-арызымды сот қанағаттандырғанымен, шешімді орындату мүмкін болмады. Осы уақытқа дейін бармаған жерім, баспаған тауым қалмады. Құзырлы орындардың соңынан жүгіріп жүргенде жүйкем де жұқарып, қалтам да тесілді», – дейді ол.

Баласының алдындағы борышын өтеуден жалтарған қашқын «әке» әлі күнге дейін жалақысын жасырып, өзін жұмыссыз ретінде көрсетіп келеді екен.

АЛИМЕНТПЕН ЕШКІМ АЙНАЛЫСҚЫСЫ ЖОҚ

Бүгінде сот орындаушыларының өндірісінде 305 мыңға жуық атқарушылық

құжат жатыр. Өңірлер бөлінісіне салсақ, Астана мен Алматыда борышкер көп. Әділет министрлігі басқармасының бас сарапшысы Мәдина Мұхашеваның айтуынша, сот орындаушылары қолдан келгендерін аяныпқалмайды. Олар заңға сәйкес, барлық құжаттарды қарап, қажет болса мемлекеттік кірістер органдарымен бірге жұмыс істейді. Яғни борышкердің барлық салық аударымдарын көтеріп, басынан аяғына дейін толық тексеретін көрінеді. Алайда адвокаттар алимент төлеушілер төлем мөлшерін азайту үшін нақты кірістерін әдейі төмендететін кездер жиі кездеседі екен. Мәселен, кейбіреулер заңдағы олқылықтарды айналып өтіп, борышын өтемеудің әртүрлі тәсілдерін қолдануға құмар. Мүлік пен бизнесті басқа адамдарның атына қайта жаздырып, жалақысы төмен жұмысқа орналасқанын айтып ақталып жатады.

Адвокат Илья Луневтің сөзінше, көбінесе сот орындаушылары алиментпен айналысқысы келмейді. Өйткені алимент туралы атқарушылық іс жүргізу мемлекеттен төленеді және аз мөлшерде бөлінеді. Сондықтан сот орындаушылары мардымсыз тиын-тебен үшін табаннан таусылып, борышкердің соңынан қууға құлшыныс танытқысы келмейді. Оның орнына осы уақыт ішінде сот орындаушысы қомақты соманы өндіріп алу туралы сот актісін орындап, банк пен заңды тұлғалардың миллиондаған, тіпті миллиардтаған қаражатын қайтартып, үлкен табысқа қол жеткізе алатынын жақсы біледі.

Сондай-ақ заңгер қолданыстағы заң тіпті жұмыссыздарға алимент төлеуге міндеттейтінін айтып отыр. Бұл бойынша борышкер қоғамдық жұмыстарға тартылады. Тіпті мүмкін болмаса екі жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін. Оған сәйкес, борышкерге қылмыстық іс қозғату үшін үш ай алимент өтемей жүргені туралы құжат болса жеткілікті.

АЖЫРАСПАСА ДА АЛИМЕНТ ӨНДІРУГЕ ҚҰҚЫЛЫ

Былтыр ғана соттар жүзден астам қазақстандықты қылмыстық жауапкершілікке тартқан. Бұл туралы жуырда Астана қаласы бойынша жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасының басшысы Саламат Әділбекұлы жеткізіпті. Оның сөзінше, егер борышкер бір жыл бұрын айына 500 мың теңге табыс таба тұрып, бірақ табысы туралы анықтамасында 70 мың теңге алатынын көрсетсе, күмән тудырады. Бұдан кейін сот орындаушылары борышкердің мәліметтерін тексеруге бастамашы болуға құқылы. «Біз шоттарды тексереміз, шығыстарға қараймыз. Егер алимент төлеуші тұрғын үйді жалға алу ақысын төлей алатын мүмкіндігі болса, несиесін өтесе, күніне 10-20 мың теңге жұмсаса, демек ол өзінің нақты табысын жасырады деген күдік туындайды. Мұндай жағдайда біз ақпарат жинаймыз және ұсынысты ішкі істер органдарына жібереміз. Жеткілікті негіздер болған жағдайда оған қылмыстық іс қозғалуы мүмкін. Ажырасқаннан кейін ғана алимент алуға өтініш беруге болмайды, егер ерлі-зайыптылардың бірі баланы асырағысы келмесе, екіншісі төлемдерді, тіпті некеде болса да, рәсімдей алады. Бұл заңда көзделген», – дейді ол.

Заңға сәйкес, егер ажырасқаннан кейін ерлі-зайыптылар арасында алиментті төлеу тәртібі және мөлшері туралы келісім қарастырылса, онда іс-жүзінде төлем келісімге сай келуі керек. Алайда ата-ананың бірі алимент төлеуден бас тартса, онда ол ата-ана құқығынан айырылады. Бірақ бұл алимент төлеуден босатылады деген сөз емес. Алимент төлемеген қашқын ата-ананың үстінен ары қарай қылмыстық жауапкершілік қарастырылып, жеке шоттары бұғатталуы мүмкін. Сол үшін заңгерлер алимент уақытында төленбесе сотқа және сот орындаушыларына шағымдану керектігін алға тартады. Ал алимент өндіруге құлықсыздық танытқан жағдайда сот орындаушысын ауыстыруға болады екен. Бұл ғана емес, сот орындаушысының қалай жұмыс істеп отырғанын тексеру үшін өтініш толтырып, әрбір атқарған жұмыстарын электрондық почта арқылы бақылауға да мүмкіндік берілген. Егер бұл өтінішке 3 рет әрекетсіздік танытса, арызданушы сот арқылы сот орындаушының лицензиясынан айыруға рұқсат етілген.

Біздегі заңда арызданушының мүддесі бірінші орынға қойылған. Алайда әлгінде айтылғандай, борышкерлерге баптардың өзін айналып өтетін мүмкіндік те молынан қарастырылған. Оның үстіне, бір балаға ең төменгі алимент мөлшері – 20 мыңға да жетпейтін қаражат. Бұл қымбатшылық қос бүйірден қысқан қазіргі нарықтың заманында баланың ішер асына да жетпейді. Сондықтан аналар алимент өндірем деп әлекке түсіп, екі есе шығындалғанша, баласының жалғыз асыраушысы болуға амалсыздан бел буады...

«АЖАЛ АЙМАҒЫНА» АЙНАЛҒАН АЛАҢ

Соңғы жылдары Жамбыл облысында суицид деректері жиілеп кеткені жасырын емес. Әсіресе, өз-өзіне қол салу фактілері жасөспірімдер арасында көп. Тараздың Қаратай Тұрысов көшесі бойындағы құрылысы аяқталмаған нысан ел ішінде «ажал аймағы» атанып кеткен. Олай дейтініміз, дәл осы «сақалды» құрылыс аумағында өмірін қиғысы келген жастардың саны артып барады.

Саятхан САТЫЛҒАН



Ең әуелі аталған нысанның 5-қабатынан секірмек болған студент қызды медресе тәрбиеленушісі аман алып қалды. Биіктен секіруге бекінген қызды тәртіп сақшылары мен оқу орнының басшылары райынан қайтара алмағаннан кейін бойжеткенмен дін жолындағы азамат тілдеседі. Абырой болғанда, ол қызды өз-өзіне қол салу ойынан қайтарып, ажал тырнағынан құтқарып қалды.

Арада көп уақыт өтпей, құрылысы аяқталмаған осы нысанда тағы бір бойжеткен суицид жасамақ болды. Емтиханнан төмен бал алып қалған қыз «шәкіртақыдан қағылатын болдым» деп өз-өзіне қол салуға ұмтылған. Ол суицидке алдын ала дайындалып, анасына қоштасу хатын да қалдырған. Хатты оқыған жақындары бойжеткенге іздеу жариялап, оны «ажал аймағы» аталған нысанның 5-қабатынан табады. Мұнда да түсіндіру жұмыстарының арқасында қыз аман қалады.

Осы оқиғадан кейін қаланың қақ ортасында қаңырап бос тұрған нысанды жергілікті полиция қызметінің өкілдері қоршауға алып, тәулік бойы кезекшілік жүргізген. Алайда бұдан түк шықпай, 2021 жылдың наурыз айында аталған нысанның бесінші қабатынан тағы бір ер азамат секіруге әрекет етеді. 29 жастағы қала тұрғыны өзі жұмыс істейтін кәсіпорын басшылығы жұмыс барысында алған жарақаты үшін өтемақы төлеуден бас тартқаны үшін қамығып, өз-өзіне қол салуға бекінген. Абырой болғанда оқиға орнына учаскелік полицей Данияр Тазабеков дер кезінде жетіп, өзінің келіссөз кезіндегі шеберлігінің арқасында азаматты райынан қайтарды.

Ал биылғы мамыр айында қараусыз қалған құрылыс нысанының маңынан мектеп оқушысының мәйіті табылды. Полиция департаментінің мәліметінше, жасөспірім жоғары қабаттан секіріп кеткен.

«Жасөспірімнің Қаратай Тұрысов көшесінде орналасқан құрылысы аяқталмаған ғимараттан секіргені анықталды. Осы дерекке қатысты Қылмыстық кодекстің 105-бабы 3-бөлігі, яғни кәмелетке толмаған адамның өз-өзіне өлтіруге дейін жеткізу бойынша сотқа дейінгі тергеу амалдары басталды. Сот медициналық сараптамалары тағайындалды. ҚР Қылмыстық кодестік процестің 20-бабына сәйкес өзге де мән жайлар жария етуге жатпайды», – деп мәлімдеді Жамбыл облыстық Полиция департаменті баспасөз қызметінің жетекшісі Гүлсара Мұхтарқұлова.

Осы оқиғадан кейін жұрт «ажал аймағына» айналған нысанның құрылысын меншік иесі не себепті аяқтамай отырғанын сұрап, жергілікті билік өкілдеріне шағымданған. Алайда дәл осы қаңырап тұрған бос ғимараттың тылсымымен қатар, құпиясы да көп. Турасын айтсақ, нысан кімге тиесілі екенін бүгінге дейін ешкім тап басып айта алмады. Бір анығы, 2014 жылдың 1 тамызында «Береке-5» деп аталатын серіктестік нысанды Наталья Багданова есімді кісіден сатып алған екен. Одан әрі 5 589 шаршы метр жерді алып жатқан ғимаратты спорттық сауықтыру кешеніне айналдырмақ болған. Алайда арада 10 жыл өтсе де, нысан сол қаңыраған күйі тұр. Сондай-ақ «Береке-5» ЖШС иесі туралы да мәлімет табу қиын. Жерге жауапты мамандар ғимарат жекеменшікке тиесілі болғандықтан, оның құрылысына араласа алмайтындықтарын айтып, ақталған. Алайда Тараз қаласын Ержан Жылқыбаев басқарып тұрған тұста нысан студенттер жатақханасына айналатындығы туралы ақпар тараған-ды. Бірақ бұл жоба да толықтай жүзеге аспады. Сол себепті Тараз қаласы әкімдігі сәулет және қала құрылысы бөліміне қайырылып, аталған ғимараттың болашақ тағдыры туралы білген едік.

Қазір шаһарда 35 нысан «сақалды» құрылыс ретінде танылып отыр. Тоқтап қалған құрылысты аяқтау мақсатында қолға алынған шаралардың нәтижесінде 15 ғимарат толықтай салынып бітті. Ал 9 нысандағы құрылыс қаржылық қиындықтарға байланысты толықтай тоқтатылған. Олардың ішінде Қаратай Тұрысов көшесі, 5 «В» мекенжайы бойынша облыстық «Ғибатулла Тарази» мешітінің артында орналасқан көпқабатты ғимарат та бар. Бірнеше оқыс оқиға болған бұл нысанның құрылысын аяғына жеткізу мәселесі ұзақ жылдар бойы көтеріліп келсе де, шешімін таппаған. Аталған нысанға қатысты мәселенің нүктесі жуық арада қойылады.

Сонымен қатар қалған 8 нысанның иелеріне де ескертпе хаттары жолданып, оларға 2 ай ішінде құрылысты жандандырып, келер жылдың аяғына дейін аяқтау туралы талап қойылған екен. Талап орындалмаған жағдайда олардың да мәселесі сот арқылы шешілмек.

Нұрсұлтан Арқабайұлының айтуынша, қалада құзырлы мекемелердің рұқсатынсыз құрылыс жүргізетін кәсіпкерлерге тоқтам болмай тұрған көрінеді. Заңға қайшы келетінін біле тұра мұндай әрекетке барған бизнес өкілдеріне қолданылатын жаза да қатал болмақ. Мәселен, қазірге дейін қала бойынша 49 ғимарат заңсыз салынғаны анықталып, 41-нің иелеріне 6 748 230 теңге көлемінде айыппұл салынған.

Әрине, заңға бағынбағандарды жазалаған дұрыс. Алайда Қаратай Тұрысов көшесі бойындағы «сақалды» құрылыс сынды нысандарға қатысты батыл шешімдер қабылданғаны жөн. Себебі айыппұл салу арқылы адам өмірін кері қайтара алмаймыз. Сондықтан сот шешімімен сүрілмек болған нысан иесі тағы сытылып, жолын тауып құтылып кетпеуін құзырлы органдар қадағалайды деп сенеміз.

Жамбыл облысы

Объявление о результатах повторного открытого тендера по закупке товаров «Запасные части и комплектующие для электронного и электротехнического оборудования (платы, низковольтная аппаратура, информационные накопители, составные части ИТ характера, коммутационная аппаратура, шкафы и комплектующие, ПЛК и комплектующие, панель управления и комплектующие)»

ТОО «Азиатский Газопровод» признает повторный открытый тендер по закупке товаров «Запасные части и комплектующие для электронного и электротехнического оборудования (платы, низковольтная аппаратура, информационные накопители, составные части ИТ характера, коммутационная аппаратура, шкафы и комплектующие, ПЛК и комплектующие, панель управления и комплектующие)» несостоявшимся.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-60.

«Электронды және электр-техникалық жабдық үшін қосалқы бөлшектер мен жинақтаушы бұйымдар (платалар, төмен вольтты аппаратура, ақпараттық жинақтауыштар, АТ сипатты құрамдас бөліктер, коммутациялық аппаратура, шкафтар және жинақтаушы бұйымдар, ПЛК мен жинақтаушы бұйымдар, басқару панелі мен жинақтаушы бұйымдар)» тауарларын сатып алу бойынша қайта ашық тендердің нәтижелері туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Электронды және электр-техникалық жабдық үшін қосалқы бөлшектер мен жинақтаушы бұйымдар (платалар, төмен вольтты аппаратура, ақпараттық жинақтауыштар, АТ сипатты құрамдас бөліктер, коммутациялық аппаратура, шкафтар және жинақтаушы бұйымдар, ПЛК мен жинақтаушы бұйымдар, басқару панелі мен жинақтаушы бұйымдар)» тауарларын сатып алу бойынша қайта ашық тендер өткізілмеді деп танылды.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы + 7 (727) 393-04-60 телефоны арқылы алуға болады.

Объявление о результатах открытого тендера по закупке услуг «Техническое обслуживание спецтехники»

Признать победителем открытого тендера по закупке услуг «Техническое обслуживание спецтехники» тендерную заявку по Лотам №1,2,3,4 ТОО «MKN Machinery», Республика Казахстан, г. Алматы, Ауэзовский район, улица Кабдолова, 22Б, 6 этаж, БИН 060940021624.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-76.

«Арнайы техникаға техникалық қызмет көрсету» қызметтерін сатып алу бойынша ашық тендердің қорытындылары туралы хабарландыру

Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Әуезов ауданы, Қабдолов 22Б көшесі, 6 қабат, БСН 060940021624, «MKN Machinery» ЖШС-ның тендерлік өтінімі нөмірі 1, 2, 3, 4 Лоттар бойынша «Арнайы техникаға техникалық қызмет көрсету» қызметтерін сатып алу бойынша ашық тендердің жеңімпазы болып танылсын.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы + 7 (727) 393-04-76 телефоны арқылы алуға болады.

Объявление о проведении закупки работ «Строительство здания для воздушной компрессорной установки (ВКУ) на КС-2 «Кереит»» способом открытого тендера

ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении открытого тендера по закупке работ «Строительство здания для воздушной компрессорной установки (ВКУ) на КС-2 «Кереит»». (Количество лотов – 1, на общую сумму 40 059 259,00 тенге без учета НДС).

Перечень закупаемых работ и их подробная спецификация указаны в тендерной документации.

Копии тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604, с 09:00 – 13.00 ч. и с 14.30 – 18.30 ч.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 28 июля 2023 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 11 часов 00 минут 28 июля 2023 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-04-50.

Ашық тендер амалымен «КС-2 «Керейіт»-те ауа компрессор қондырғысына (АКҚ) арналған ғимарат құрылысын салу» жұмыстарын сатып алуды өткізу туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «КС-2 «Керейіт»-те ауа компрессор қондырғысына (АКҚ) арналған ғимарат құрылысын салу» жұмыстарын сатып алу бойынша ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды. (Лот саны – 1, жалпы сомасы 40 059 259,00 теңге, ҚҚС-сыз).

Сатып алынатын жұмыстарын тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайынан, 09:00-ден 13:00-ге дейін және 14:30-дан 18:30-ға дейін алуға болады.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі 2023 жылғы 28 шілдеде, сағ. 10:00-ге дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2023 жылғы 28 шілдеде, сағ. 11:00-де мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы + 7 (727) 393-04-50 телефоны арқылы алуға болады.

Объявление о результатах повторного открытого тендера и проведении повторного открытого тендера по закупке товаров «Прочие основные средства (одеяло, покрывало, подушки)»

ТОО «Азиатский Газопровод» признает повторный открытый тендер по закупке товаров «Прочие основные средства (одеяло, покрывало, подушки)» несостоявшимся.

В связи с вышеизложенным, ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении повторного открытого тендера по закупке товаров «Прочие основные средства (одеяло, покрывало, подушки)». (Количество лотов – 13, на общую сумму 61 852 000,00 тенге без учета НДС).

Перечень закупаемых товаров и их подробная спецификация указаны в тендерной документации.

Копии тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности или копии Приказа и Решения для руководителей с копией документа, удостоверяющего личность.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере назначен до 10:00 часов 24 июля 2023 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 11:00 часов 24 июля 2023 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-01-50.

Қайта ашық тендердің нәтижелері туралы және қайта ашық тендер амалымен «Өзге негізгі құралдар (одеяло, төсекжапқыш, жастықтар)» тауарларын сатып алуды өткізу туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Өзге негізгі құралдар (одеяло, төсекжапқыш, жастықтар)» тауарларын сатып алудың қайта ашық тендер өткізілмеді деп таниды.

Жоғарыда баяндалғанға байланысты, «Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Өзге негізгі құралдар (одеяло, төсекжапқыш, жастықтар)» тауарларын қайта сатып алу бойынша ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды. (Лот саны – 13, жалпы сомасы 61 852 000,00 теңге, ҚҚС-сыз).

Сатып алынатын тауарларын мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайынан, 09:00-ден 13:00-ге дейін және 14:30-дан 18:30-ға дейін алуға болады.

Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы/Бұйрық пен Шешім көшірмесі басшыға және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға арналған өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі: 2023 жылғы 24 шілдеде, сағ. 10:00-ге дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2023 жылғы 24 шілдеде, сағ. 11:00-де мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», конференц зал.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы + 7 (727) 393-01-50 телефоны арқылы алуға болады.

Объявление о результатах повторного открытого тендера и проведении повторного открытого тендера по закупке работ «Строительство промышленной площадки для временного хранения промышленных отходов на КС-1»

ТОО «Азиатский Газопровод» признает повторный открытый тендер по закупке работ «Строительство промышленной площадки для временного хранения промышленных отходов на КС-1» - несостоявшимся.

В связи с вышеизложенным, ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении повторного открытого тендера по закупке работ «Строительство промышленной площадки для временного хранения промышленных отходов на КС-1». (Количество лотов – 1, на общую сумму 30 638 658,00 тенге без учета НДС).

Перечень закупаемых работ и их подробная спецификация указаны в тендерной документации.

Копии тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности или копии Приказа и Решения для руководителей с копией документа, удостоверяющего личность.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере назначен до 10:30 часов 21 июля 2023 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 12:30 часов 21 июля 2023 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-02-04.

Қайта ашық тендердің нәтижелері туралы және қайта ашық тендер амалымен «КС-1-де өнеркәсіптік қалдықтарды уақытша сақтауға арналған өнеркәсіптік алаң салу» жұмыстарын сатып алуды өткізу туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «КС-1-де өнеркәсіптік қалдықтарды уақытша сақтауға арналған өнеркәсіптік алаң салу» жұмыстарын сатып алудың қайта ашық тендер өткізілмеді деп таниды.

Жоғарыда баяндалғанға байланысты, «Азиялық Газқұбыры» ЖШС «КС-1-де өнеркәсіптік қалдықтарды уақытша сақтауға арналған өнеркәсіптік алаң салу» жұмыстарын қайта сатып алу бойынша ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды. (Лот саны – 1, жалпы сомасы 30 638 658,00 теңге, ҚҚС-сыз).

Сатып алынатын тауарларын мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайынан алуға болады.

Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы/Бұйрық пен Шешім көшірмесі басшыға және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға арналған өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі: 2023 жылғы 21 шілдеде, сағ. 10:30-ға дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2023 жылғы 21 шілдеде, сағ. 12:30-да мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», конференц зал.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы + 7 (727) 393-02-04 телефоны арқылы алуға болады.

Алматыда Ат үстіндегі күрес (аударыспақ) федерациясының бірінші дүниежүзілік съезі өтті. Басқосуға Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Моңғолия, Ресей, ҚХР, Венгрия мемлекеттерінің өкілдері қатысты.

Аударыспақты әлем таныды

Жиында Ат үстіндегі күрестен (аударыспақ) дүниежүзілік федерация құрылғаны ресми хабарланды, оның штаб пәтері Алматыда орналасқан. Қатысушы мемлекет өкілдері дүниежүзілік федерацияның президенті етіп ҚР Аударыспақ федерациясының президенті, Atasu Group компаниясының басшысы Марат Жұманды сайлады.

Съезге қатысқан Ұлттық спорт қауымдастығының президенті Исламбек Салжанов бұл шараның маңызына тоқталды.

«Еліміздің ұлттық спорт тарихындағы айтулы оқиғаның куәсі болып отырмыз. Ұлттық ойынымыз – аударыспақты әлемдік дәрежеге көтеретін сәт туды. Ресей, Қытай, Моңғолия, Қырғызстан, Өзбекстан, Венгрия мемлекеттерімен біріге отырып аударыспақ спортын дамытамыз, дүниежүзіне танытатын боламыз. Баршаңызға белгілі, келесі жылы елімізде V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары өтеді. Бұл мәселе Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жіті назарында. Біз – көшпенділер ұрпағымыз, бұл шараны өте жоғары деңгейде өткізуіміз керек. Бұл орайда Ұлттық спорт қауымдастығы өзіне қарасты федерациялармен бірлесе жүйелі жұмысты бастап кетті. Бүгінгі дүниежүзілік аударыспақ федерациясының құрылуы соның дәлелі деп білемін. Осы орайда аталмыш спорттың дамуы мен өркендеуінде тынымсыз еңбек етіп жүрген Аударыспақ федерациясының президенті Марат Жұман мырзаға ерекше алғысымды білдіремін», – деді Исламбек Төлеубайұлы.

Ат үстіндегі күрестен дүниежүзілік федерацияның жаңа президенті Марат Жұман аударыспақ ойынын дәріптейтін елдерден келген қонақтарға алғыс білдіріп, ұйымның алдағы жоспарымен бөлісті.

«Бүгін баршамыз Алматының төрінде аса маңызды шараға жиналдық. Осы айтулы басқосуға дәстүрлі ат спортын дәріптейтін елдерден келген өкілдерге, сондай-ақ, ҚР Ұлттық спорт қауымдастығына ризашылығымды білдіремін. Бүгінгі жиын қазақ елі үшін, ұлттық спорт үшін тарихи күн болады. Әлемнің алпауыт бірнеше мемлекетімен бірлесіп ат үстіндегі күрестен дүниежүзілік федерация құру арқылы ұлттық спортымызды жаһанға паш етеміз деген үлкен жоспарымыз бар. Бізді алда үлкен жұмыстар күтіп тұр. Болашақта федерацияға мүше елдермен бірлесе аталмыш спорттың дамып, өркендеуіне күш салатын боламыз», – деді Марат Қожаханұлы.

> *Аударыспақ спорты қазақтың ұлттық аударыспақ ойынына негізделген. Мұндай спорттық ойындар қазіргі таңда тек Қазақстан емес, Орталық Азия, Кавказ өңірі, тіпті, Еуропа елдерінде де танымал.*

Аударыспақ спорты қазақтың ұлттық аударыспақ ойынына негізделген. Мұндай спорттық ойындар қазіргі таңда тек Қазақстан емес, Орталық Азия, Кавказ өңірі, тіпті, Еуропа елдерінде де танымал. Елімізде де осы спорт түрімен айналысатын балуандар жылдан жылға көбейіп келеді. Жиын барысында аударыспақтың бірыңғай ойын тәртібі бекітілді. Негізгі ережелер қазақтың ұлттық спорты аударыспақтан алынды. Қазақстан делегациясы ұсынған ертоқымды пайдалану, диаметрі 15 метр алаңның мөлшері бекітілді. Одан бөлек, спортшылардың салмақ дәрежелері қабылданды. Ересектер алты салмақ санаты бойынша жарысқа қатыса алады: 60, 70, 80, 90, 100, 100+ келілер. Жастар арасындағы салмақ дәрежесінің де алты санаты бекітілді: 50, 60, 70, 80, 90, 90+. Салмақ категориясын енгізу соңғы кезде қалыптасты, мақсаты – спортшыларға неғұрлым тең жағдай жасау. Ертеде кез келген тілек білдіруші салмағына қарамай өз еркімен жарысқа қатыса беретін болған. Аударыспақ – салт аттылардың бірін-бірі ер үстінен аударып алу сайысы. Бұл ойынға қайраткүші мол, батыл да төзімді, шапшаң қимылдап, ат құлағында ойнай білетін жігіттер қатысады. Ұлттық спорт түрлері – халық құндылығының ажырамас бөлігі. Қазақтың кез келген ойыны ерлікті, батыл, өжет, шапшаң, епті қимылдауға, тапқырлық пен табандылыққа, байсалды болуға үйретеді. Ата-бабамыздың заманынан келе жатқан бұл ойын жаугершілік кезінде найза ұстап, қылыш шабатын жауынгерге қажетті қасиеттерді қалыптастырған.

Жиында сондай-ақ аударыспақтан алдағы уақытта өтетін жарыстардың күнтізбелік жоспары бекітілді. Халықаралық ойындарды әділ өткізу мақсатында міндетті түрде VAR (бейнебақылау) қойылу міндеттелді. Қырғыз Республикасының өкілдері жаңа бекітілген бірыңғай ойын ережелері бойынша алғашқы әлем чемпионатын осы жылдың қыркүйек айында Ыстықкөлде өткізуді ұсынды. Бұл бастаманы қатысушы барлық мемлекет бірауыздан қолдады.

Асыл ТҰМАР

«Әй, қыз, көзіңді аш!»

Астанада американдық белгілі жазушы Рейчел Холлистің «Cirl, wash your face» атты мотивациялық туындысының қазақша нұсқасы «Әй, қыз, көзіңді аш!» атты кітаптың таныстырылымы болды.

Аудармашы Мира Сембайқызының еңбегімен жарыққа шыққан кітап барша әйелдер қауымының мәселелерін көтере білген. АҚШ-та 2019 жылы Рейчел Холлистің «Cirl, wash your face» атты мотивациялық кітабы ең көп оқылған үздік үш кітаптың бірі болған. Аталған әлемдік туындыны ана тілімізде тәржімалаған Alqa publishing баспасында жарық көрген. Американдық танымал қаламгер Рейчел Холлис «Әй, қыз, көзіңді аш!» кітабында тіпті, ең жақын құрбысына айтуға батылы бармайтын құпияларымен бөліседі. Әйелдердің өмірін өзгертіп келген 20 өтірікті тізіп, олармен күресудің жолдарын жеткізеді.

– Мысалы әйел жұмыс істеп жүрсе, қызметте мансап қуып жүрсе, оған «сен жақсы ана емессің. Сен балаларыңа қарамай жүрсің, сен жұмыспен жүрсің. Сенің балаларыңды әжесі немесе бала күтуші тәрбиелеп жатыр» деген сықылды айыптарды жаудырады. Рейчел осы нәрсенің өтірік екенін айтады. Өйткені кезкелген ата-ана ол балаға өзінің ісімен үлгі болады, – дейді кітап редакторы Баян Хасанова.

Автор кітапта барша оқырманның жүрегінен орын алатындай қарапайым тілмен ойната білген. Туындының таныстырылымына зиялы қауым өкілдері, БАҚ өкілдері, оқырмандар қатысты. Әйелдердің басым бөлігі – қоғамдағы қатып қалған стереотиптердің құрбаны. Бала кезінен «Әйел олай істемеуі керек», «Әйел мынадай болуы керек» деген сияқты санасына біраз шектеулер қойылып, шекарада қалып қойған. Осылайша, олар өзіндік ерекшеліктерін, қарым-қабілеттерін аша алмай, стереотиптермен артта қалып жатады. Осының кесірінен қаншама әйел қауымы өз құқықтарымен күресіп келуде. Рейчел Холлис «Әй, қыз, көзіңді аш!» кітабында осы тақырыптарды жан-жақты аша білген.

Жанель ҚҰТТЫБАЙ

ҚАЙМАҒЫ БҰЗЫЛМАҒАН ҚОСАҒАШЫМ

Моңғолияның Ұлан-Батыр, Налайх, Ховда, Баян-Өлгей аймақтарында жалғасқан қазақтар кездесуі Алтай Республикасының Қосағаш ауданына жетті.

Орыс, алтай, қазақ халықтарының татулықты ту еткен мекенінде Отандастар қорының президенті Абзал Сапарбекұлы, Парламент депутаттары Ғалиасқар Сарыбаев пен Болат Керімбек, сондай-ақ бір топ зиялы қауым өкілдерінен құралған ресми делегацияны Қосағаш ауданының әкімі Серікжан Мұратханұлы мен аудандық мәслихат төрағасы Санаш Дидунов шекара шебінен қарсы алып, Алтай қазақтарының мұрасы сақталған Жаңа ауыл елді мекеніне алып барды. Делегация мүшелері өңірдің тұрмыс-тіршілігімен танысып, осындағы ұлттық құндылықтар дәріптелген мұражайды аралады.

Алтай Республикасында аумағы жағынан ең үлкен және үш бірдей елмен шекаралас жатқан Қосағаш ауданының халқы қазақы дәстүрі мен салтын жақсы сақтаған. Халықпен кездесу аудан орталығында орналасқан саябақта қарағандылық «Тәттімбет» атындағы академиялық ұлттық аспаптар оркестрдің салтанатты концертімен жалғасты. Қазақстан тәуелсіздік алғалы бері алғаш рет осындай деңгейде қазақша концерт тыңдаған қосағаштықтар ерекше қуанышқа бөленіп, көздеріне жас алды. Атамекеннен алыста жатқан Алтай қазақтарының көңілі марқайып, рухы асқақтап, Қазақстанға дұғай сәлемдерін жеткізді.

Шара соңында аймақ халқының бірлігі, қазақ тілін сақтау жолында аянбай еңбек етіп жүрген Қосағаштағы қазақ мәдени орталығының басшысы Арқалық Сұлтанов ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алғыс хатымен марапатталды. Сонымен қатар аудан әкімі Серікжан Мұратханұлы мен аудандық мәслихат төрағасы Санаш Дидуновқа «Отандастар Қоры» Алғыс хаты және «Алғыс» естелік медалі табыс етілді.

NUR MEDIA медиахолдингі
AIQYN
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Директор – Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары
Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ – Шығарушы редактор
Асқар БЕК – Сайттың бас редакторы
Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Нұрболат АДЫРБЕК – Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Роза ШӘКЕН – Солтүстік Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 35102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 45102
Жеке жазылушылар үшін – 25102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4324
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор – Жанель ҚҰТТЫБАЙ